

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Практикалық лингвистика кафедрасы

Алтыбаева А.Б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

(Орта деңгей, I бөлім)

Оқу құралы

Қостанай, 2019

УДК 811.512.122(075.8)

ББК 81.2 Қаз-923

А46

Автор:

Алтыбаева Ақжан Бахитжановна, гуманитарлық ғылымдардың магистрі, практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы

Пікір жазғандар:

Есиркепова Кенжегул Кабылгазиновна, филология ғылымдарының кандидаты, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті филология факультетінің деканы

Кайыпбаева Айжамал, филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Журсиналина Гульжанат Курмашевна, филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті практикалық лингвистика кафедрасының доценті

Алтыбаева А.Б.

А46 Қазақ тілі: Оқу құралы, -Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2019 – 104б.

ISBN

Оқу құралы қазақ тілін орта деңгейде меңгеру үшін қазақ тіліндегі материалдарды тыңдап түсіну, оқып түсіну, қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білу қабілеттерін арттырады. Онда деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің барлық лексикалық тақырыптары қамтылған және грамматикалық жаттығулар мен тапырмалар берілген.

Оқу құралы барлық мамандықтарда оқитын білім алушыларға арналған.

УДК811.512.122(075.8)

ББК 81.2 Қаз-923

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңсінде бекітілген, 29.04.2019 ж. № 3 хаттама.

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 2019

Мазмұны

Кіріспе.....	4
Отбасындағы сыйластық	5
Менің мамандығым –менің болашағым.....	24
Мамандықтың бәрі жақсы.....	36
Бірінші байлық денсаулық.....	48
Ұлттық тағамның пайдасы.....	55
Адам және экология.....	60
Саяхат және туризм.....	68
Қазақстандағы туризм.....	75
Киім.Сән.Талғам.....	80
Мінез және келбет.....	97
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	104

Кіріспе

Бұл оқу құралы өзге тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың соңғы лингвистикалық және әдістемелік жетістіктеріне сүйенеді. Мұнда қазақ тілін оқыту барысында деңгейлік, коммуникативті-бағдарлы әдісті қолдану көзделген, белсенді қатысымдық, практикалық бағыт, сөйлеу әрекетінің барлық түрін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) өзара сабақтастыра оқыту, тілдік материалдарды қолданылымдық (функционалдық) жүйемен іріктеп, ыңғайлап меңгерту, кезеңдік және жеңілден күрделіге қарай өту принциптерін жүзеге асыру негізге алынған. Қатысымның әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби саласындағы лексикалық тақырыптар топтастырылып берілген. Оқу құралы оқытушының жетекшілігімен сабақта қолдануға және білім алушылардың өздік жұмысына қызмет етеді. Грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулардың алғашқылары білім алушылардың орта мектеп бағдарламасы көлемінде алған теориялық білімдерін еске түсіріп, бекітуді көздесе, жаттығулардың екінші тобы жаңа сабақтың материалдарын меңгертуге арналған.

Жаттығу материалдары іріктелініп алынды, көбіне терме мәтіндер түрінде беріледі. Әр мәтіннің соңына бірнеше тапсырмалар беріліп, мәтіндердің, тапсырмалардың көлемі жаңа технологиямен оқытудың талаптарына сай алынды. Тапсырма мәтіндерінің тәрбиелік жағына біршама көңіл аударылады.

Ұсынылып отырған оқу құрал жоғары оқу орындары мен колледждердің оқу орыс тілінде жүретін бөлімдерінде қазақ тілін оқып, үйренуге арналған.

1,2-тақырыптар. Отбасындағы сыйластық.

Отбасындағы салт-дәстүрлер. Туыстық атаулар

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған- туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

/Н. Назарбаев/

Тыңдаймыз. Оқимыз.

Сөздік қор

Туыс, ағайын, күйеу, жұбай, жолдас, отағасы, әпке, апа, сіңлі, бала, сәби, немере, шөбере, келін, күйеу бала, күйеу жігіт, қалыңдық, нағашы, кәмелетке толған, ақылшысы, әулет басшысы, ең үлкен құндылық, асырап сақтаушысы, өмірдің жалғасы, мәпелеу, аялау, сыйлау, үлкеннің алдын кеспеу, үлкеннің сөзін бөлмеу, үлкен мән беріледі, тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі, үш ағайындымын, мақтаныш тұтамын, лауазым, тату-тәтті, қонақжай, отбасын құруға құқылы, отбасын жоғары бағалау, үлгілі ұрпақ, сенімді мұрагер.

1. Суреттегі кесте арқылы сөздік қорды пайдалана отырып, шағын әңгіме құрастырыңыз.



Ой түрткі

- Сіздің отбасыңыз үлкен бе?
- Жоқ, менің отбасым онша үлкен емес.
- Сіз неше ағайындысыз және олар кімдер?
- Мен төрт ағайындымын.
- Сіздің қарындасыңыз (ағаңыз, ініңіз, сіңліңіз) бар ма?
- Менің екі апам және інім бар.
- Ата-анаңыздың жасы нешеде?
- Әкем - Өмірбек Асылұлы 45 жаста. Анам - Жадыра Оралқызы 40 жаста.
- Сіз үйленгенсіз бе? (тұрмыстасыз ба?)
- Жоқ, мен үйленген жоқпын. (үйленбегенмін, тұрмыста емеспін, тұрмысқа шыққан жоқпын).

Оқимыз. Тыңдаймыз



Таспадан мәтінді тыңдап, әңгімелеңіз.

Отбасы – шағын мемлекет. Біздің тәуелсіз елімізде кәмелетке толған әр қазақстан азаматы отбасын құруға құқылы. Отбасы – адам өмірінің ең негізгі бастауы. Әр адам өз отбасын құрметтеуге, жоғары бағалауға міндетті.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді.

Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Қазақ халқы шаңырақты, отбасын жоғары бағалап, артында үлгілі ұрпақ, сенімді мұрагер қалдыруға тырысқан.

Отбасы – адам өмірінің ең негізгі бастауы.

Інісі бардың тынысы бар, азасы бардың жағасы бар

Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Қазақ отбасында бала – ең үлкен құндылық. Қазақтың түсінігі бойынша, ұл бала – өмірдің жалғасы. Әкенің мінез-құлқынан, өзгелермен қарым-қатынасынан, өнер білімінен ұл бала үлгі-өнеге алып, соған қарап өседі. «Қыз бала – қонақ» дейді қазақ. Ол болашақ

жар, ана. Сондықтан жанұядағы адамдар қыз баланы мәпелеп, аялап, сыйлап жүреді. Қазақи отбасында үлкендерді сыйлау, кішіпейіл болу, үлкеннің алдын кеспеу, үлкеннің сөзін бөлмеу сияқты тәрбие түрлеріне үлкен мән беріледі.

Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. «Ата - асқар тау, Ана – бауырындағы бұлақ, бала - жағасындағы құрақ», – деп ата-ана мен баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген.

Мен 1988 жылы 5 қазанда Қостанай қаласында тудым. Менің атым Дәулет. Біздің отбасымыз үлкен, отбасымызда бес адам бар. Олар: әкем, анам, апам, інім және мен. Мен үш ағайындымын. Отбасымыздың отағасы (иесі) және ең үлкені - әкем. Оның аты-жөні – Ыбраев Қайрат Сапарұлы. Мамандығы – инженер, лауазымы - бас инженер. Қазіргі уақытта Қазақстан Темір жолында жұмыс істейді. Жасы қырық екіде. Әкемнің **келбеті**: қараторы, шашы қалың, көзі қара және үлкен, құс мұрынды, кең иықты және денелі. **Мінезі**: ақкөңіл, ашық, қайырымды, қарапайым, жомарт адам. Жұмысында беделді, өз ісін білетін іскери адам. Біз әкемізді сыйлап, құрметтейміз.

Менің анамның аты-жөні – Ыбраева Салима Алтайқызы. Ол балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейді. Анамның жасы отыз сегізде. **Келбеті**: дөңгелек жүзді, шашы боялған, қысқа, қой көзді, кірпіктері ұзын, қыр мұрынды. Ол ең сымбатты, аяулы ана. Анамның жұмысы өзіне өте ұнайды.

Әпкем Астана қаласындағы Медициналық академияның бірінші курсында оқиды. Оның болашақ мамандығы – дәрігер. Раушан көп оқиды, керек кітаптарды кітапханадан алады, кейбір кезде тіпті кеш жатады.

Менің інімнің аты Дәурен. Ол тоғызыншы сыныптың оқушысы. Болашақ мамандығын әлі білмейді. Мүмкін ол суретші болады, себебі, сурет салғанды ұнатады. Ал, мен биыл қаламыздағы физика-математикалық лицейді үздік бітіріп, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Қазір бірінші курс студентімін. Менің болашақ мамандығым – инженер.

Мен үшін, отбасы – баға жетпес, үлкен құндылық! Себебі, отбасы – менің өмірімдегі берекем және тірегім болып табылады. Біздің отбасымыз отбасы мүшелерінің туылған күндерін, Наурыз мерекесін және тағы басқа мерекелерді бірге қарсы алуды дәстүрге айналдырған. Мен өз отбасымды жоғары бағалап, мақтаныш тұтамын!

Грамматика

Мен үйленген-мін
Мен үш ағайынды-мын
Мен студент-пін

Жазамыз. Оқимыз.

1. Сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырыңыз.

Біздің тәуелсіз елімізде кәмететке толған әр қазақстан адам өмірінің ең негізгі

бастауы. артында үлгілі ұрпақ, сенімді мұрагер қалдыруға тырысқан. Әкемнің келбеті: қараторы, Біз әкемізді ең үлкен құндылық. бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Қазақ отбасы негізінен Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы Қазақтың түсінігі бойынша, ұл бала – Қазақи отбасында үлкендерді », – деп ата-ана мен баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген.

2. Мәтіндегі етістіктердің орыс тіліндегі баламасын тауып, қарапайым сөйлем құрыңыз.

құрметтеу, бағалау, қалыптасу, басталу, тұру, келу, қалдыру, тырысу, қарау, өсу, сыйлау, жүру, болу, алдын кеспеу, сөзін бөлмеу, берілу, теңеу, туу, жұмыс істеу, ұнау, оқу, алу, кеш жату, білмеу, білу, бітіру, оқуға түсу, болып табылу, қарсы алу, айналдыру, мақтаныш тұту.

3. Мәтіннен сын есімдерді тауып. Төмендегі кестені толтырыңыз.

<i>Түс</i>	<i>мінез-құлық</i>	<i>Пішін</i>	<i>Ұзындық, көлем</i>	<i>Дәм</i>

Сөйлейміз

4. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.

Отбасы қандай мемлекет? Біздің тәуелсіз елімізде қандай адам отбасын құруға құқылы? Отбасы адам

өмірінде қандай орын алады? Әр адам өз отбасын қалай бағалап, құрметтеуге міндетті? Қазақ халқы отбасын, шаңырақты қалай бағалаған және артында қандай ұрпақ қалдыруға тырысқан? Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы қайдан басталады? Қазақи отбасында қандай тәрбие түрлеріне үлкен мән беріледі? Әкенің мінез-құлқынан, өзгелермен қарым-қатынасынан, өнер білімінен кім үлгі-өнеге алып, соған қарап өседі? Қазақ отбасы негізінен неше ұрпақтан тұрады? Әке кім? Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының кімі болып келеді? Дәулеттің әкесі кім болып жұмыс істейді? Дәулет неше ағайынды? Дәулеттің анасы қайда жұмыс істейді? Дәулеттің апасы және інісі қайда оқиды?

5. Сурет арқылы «Үлкен шаңырақ» атты эссе жазыңыз.



*Бұл кісі ----
Ана кісі*

Жазамыз.

6. Мәтіннен тәуелдік, септік жалғау, жіктік, көптік жалғаулары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Грамматика

*Сұраулық шылаулар
ма/ме, ба/бе, па/пе*

Оқимыз. Сөйлейміз.

7. Сұрақатарға үлгі бойынша жауап беріңіз.

Үлгі:

- Сіздің туыстарыңыз бар ма?

-Иә.....

- Ал, сіздің туыстарыңыз бар ма?

- Сіздің інііңіз, қарындасыңыз бар ма?

- Сіз университетте оқисыз ба?

- Дәулеттің апкесі студент пе?

- Дәулеттің інісі оқушы ма?

- Дәулеттің анасы тәрбиеші болып жұмыс істей ме?

8.Мәтінге сұраулық шылаулар арқылы сұрақ қойыңыз.

Тыңдаймыз. Жазамыз

9. Мәтінді тыңдаңыздар.

Ата мен әже

Ата - отбасындағы құрметті адам. Ол өз ұрпағының мейірімді, ақылды болуын армандайды. Ол немерелеріне үнемі ақыл айтып отырады. Атамды сенің әкең де, шешен де, ел де сыйлайды.

Әжең сені өте жақсы көреді. Ол нәрестені, балдырғанды, бүлдіршінді, жасөспірімдерді тәрбиелейді. Әжені әрқашан құрметтеу керек.

10. "Ата мен әже" мәтінін тыңдап, зат есімдер мен сын есімдерді теріп жазыңыздар.

11.Төмендегі екі мәтінді оқып, салыстырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Ерлі-зайыпты Мұрат пен Данагүлдің балалары ер жетті. Қазір олардың бір немересі бар. Олар бақытты ата-ана. Отағасы Мұрат кәсіптік-техникалық училищені бітірді. Оның мамандығы – құрылысшы. Қазір ол оныншы кәсіптік-техникалық колледждің директоры. Оның әйелі Данагүл заңгер. Әділет басқармасының кіші кеңесшісі, майор. Тұңғыш баласы заң академиясын үздік бітірді. Келіндері Гүлнәр аудармашы. Олардың кішкентай Бейбарыс есімді балалары бар. Атасы мен әжесі Бейбарысты қатты жақсы көреді. Бұл ата-ана арманы, әже тілегі, ана махабаты үйлескен шаңырақ.

2.Менің Андрей мен Лариса есімді достарым бар. 18-ге толғанда екеуі үйленді. Лариса құрылыс колледжін (мамандығы сыршы-сылақшы), Андрей 10 жылдықты бітірді. Үйленгенде оларға ешкім жәрдемдеспеді. Ақшалары да жоқ. Олар атасының ауылда бос тұрған үйіне келіп, екеуі де жұмысқа тұрады. Бес жыл демалу, мереке, бос уақыт дегенді білмейді.

24-ке келгенде оларда дүниенің барлығы болады. Бірақ, Лариса қызымен Андрейден кетіп қалады. Керемет үйлері сатылады. Олар алты жыл бар күш-

жігерлерін, денсаулықтарын кетіреді. Не үшін? Олар бақытты отбасы бола алмады. Материалдық байлық оларға бақыт әкелмеді.

- 1) Бұл әңгімелер кімдер туралы?
- 2) Бұл қандай отбасылары?
- 3) Қай отбасы бақытты деп ойлайсыз?

1) Мәтіннен Мұрат пен Данагүлдің бақытты екенін білдіретін тірек сөздерді табыңыз.

.....

2) Қай тірек сөздерден Андрей мен Ларисаның бақытсыз екенін білуге болады?

.....

Мәтінді тағы бір рет оқып, кестені толықтырыңыз.

Отбасы жағдайы	балалары	жастары	мамандықтары	бақытты	бақытсыз
Мұрат Данагүл					
Андрей Лариса					

12. Берілген жауаптарға сұрақ жазыңыздар.

- Бұл - менің атам.
- Ал мына кісі - менің әжем. Оның аты - Айсұлу.
- Ал, атамның қасындағы Берік жеті жаста.

Ойбөліс

13. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Айбек: Танысайық! Менің атым - Айбек.

Бану: Ал менің атым - Бану.

Айбек: Мен он тоғыз жастамын. Зарина, сен нешедесің?

Зарина: Жиырма жастамын. Мен Банудың досымын

Жазамыз

14. «Отбасы» сөзін жекеше, көпше түрде тәуелденіздер.

	жекеше	көпше
I	Менің әкем	Біздің әкеміз
II	Сенің_____	Сендердің_____
II	Сіздің_____	Сіздердің_____
III	Оның_____	Олардың_____

Біздің отбасы...

Біздің ана...

Біздің ата...

Біздің әже...

15. Берілген сөздерді III жақта тәуелденіздер.

Грамматика

Оның

немере...	әпке..
ұл...	туыс.
карындас...	қыз...

Үлгі: оның немересі

Ойбөліс

16. Ретке келтіріп, полилог құрыңыздар.

- Сәлем! Иә, мен Қазақ ұлттық өнер университетінде оқимын.
- Сәлем, Фархад! Сен Қазақ ұлттық өнер университетінде оқисың ба?
- Жоқ, олар бір университетте оқымайды. Менің інім политехникалық колледжде оқиды.
- Бахрам, сенің інің бар ма? Шахноз екеуі бірге оқи ма?
- Шахноз Қаржы академиясында оқып жүр.
- Мен сенің інінді білемін. Ол өте білімді екен.
- Иә, оның рас. Ол - ақылды бала.

Жазамыз

17. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіздер. Берілген сөйлемдерді сұрақтар бойынша салыстырыңыздар.

- Сендер бір университетте оқисыңдар ма?
Оның жасы нешеде?
Отбасың қай қалада тұрады?
Інің қай колледжде оқиды?
Сіңлің қайда оқиды?
Сіңлім Қаржы академиясында оқиды.
Інім политехникалық колледжде оқиды.

Иә, біз бір университетте оқимыз.

Оның жасы бесте.

Алматы қаласында тұрады.

18. Сұраққа жауап жазыңыздар.

Сіз неше жастасыз?

№	Кім?	Жасы нешеде?
1	ата	75 жаста
2	әже	70
3	әке	50
4	шеше	48
5	әпке	24
6	іні	7

Үлгі: Бұл кім?

Бұл — ағам.

Ол жиырма тоғыз жаста.

Аударма

19. Берілген сөздерді аударыңыздар.

Бөбек - _____

Жасөспірім - _____

Нәресте - _____

Бауыр - _____

Ұрпақ - _____

Туыс - _____

Бүлдіршін - _____

Сәби - _____

Қатысым

20. Досыңыздың сұрақтарына жауап беріңіз.

1) Сенің досыңның аты кім?

Менің.....

2) Ол университетте оқи ма?

Ол.....

3) Ол неше жаста?

Ол.....

4) Мынау кім?

Мынау.....

5) Сенің отбасың бар ма?

Менің.....

21. Мәтінді жалғастырыңыздар.

Досыңызға отбасыңыз туралы әңгімелеп беріңіз.

Менің отбасым үлкен. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ағам бар. Атам мен әжем - зейнеткерлер. Мен оларды жақсы көремін. Біздің отбасымыз - шағын мемлекет

Жазамыз. Оқимыз.

22. Ойлан, тап !

1. Әкемнің әкесі мені өте жақсы көреді.

- Ол кісіге мен кім боламын және ол кісі маған кім болады ?

2. Жолдасым мені отбасындағы өзінен үлкен қызбен таныстырды ?

- Мен жолдасымның қандай туысымен таныстым ?

3. Менің ағамның әйелінің аты - Гүлнәр.

- Ағамның әйелі маған кім болады және мен оған кім боламын ?

4. Ағамның әйелі анаммен әңгімелесіп отыр.

- Ағамның әйелі анама кім болады және анам ағамның әйеліне кім болады ?

23. Жолдасыңыздың отбасы туралы әңгімелеп беріңіз.

Жазамыз

24.Төмендегі сөздерден дұрыс сөйлем құрыңыз.

1. Емес, біздің, онша, отбасымыз, үлкен.
2. Және, зейнеткерлер, атам, егде, әжем, олар, адамдар.
3. Әкесі, зауытта, жүр, Әлішердің, істеп, жұмыс.
4. Үйі, орталығында, Ләззаттың, қаланың.
5. Отыр, алдында, әжем, теледидардың, тоқып.

Сөйлейміз

25. Сұрақтарға жауап бере отырып, сұхбаттасыңыз.

- Сіздің отбасыңыз үлкен бе?
- Олар кімдер?
- Ата-анаңыз үлкен кісілер ме?
- Сіз отбасыңызда нешінші баласыз?
- Сіздің атаңыз, әжеңіз бар ма?
- Сіздің мінезіңіз кімге ұқсаған?
- Сіздің ойыңызша, отбасы қандай болу керек?
- Отбасыңызбен қандай мерекелерді қарсы аласыз?
- Сіздің отбасыңызда қандай дәстүр бар?
- Сіз өз отбасыңызды қалай бағалайсыз?

Жазылым

1. Сілтеу есімдіктерін тауып, астын сызыңыздар.

Мен, бұл, сіз, мынау, сендер, анау, сонау, біз, біздің, ол, сол, қанша, кім, сіздер, осынау, осы, сен, өз, ешкім.

2. Көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауын жазыңыздар.

Отбасы..., бала..., ұл..., қыз..., ағам..., інің...,
сіңлім..., анам..., әкем..., әжем...,
зейнеткер..., Айсұлу..., Раушан..., Берік..., қарт..., қарынд
ас....

3. Тәуелдік жалғауын жалғап жазыңыздар.

Отбасы..., әке..., ана..., іні..., қарындас..., дос, тіл
үйретуші..., ата..., немере..., шеше..., ұл..., әпке...,
сіңлі..., аға..., әже..., бала..., тіл үйренуші...,
компьютер... .

4. Жоғарыдағы тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерді жуан-жіңішке қатарға топтастырыңыздар.

жуан түбірлі сөз	жіңішке түбірлі сөз
анам+ның	інім+нің

5. Отбасы мүшелерін атап жазыңыздар.

6. Берілген сауалнама үлгісі бойынша өзіңіз және отбасыңыз туралы шағын ақпарат жазыңыздар.

Аты-жөнің _____

Жасың _____

Әке-шешеңнің _____ аты-жөні _____

Отбасы мүшелері _____

Мекенжайың _____

Телефоның _____

7. Отбасы мүшелерін және туыстық атауларды қолданып, әңгіме жазыңыздар.

Сөйлеу жағдайыттық тапсырма

Бүгін біздің үйге бір шетелдік азамат келді. Мен оған өз отбасымыздың тілі, діні, ділі туралы айтып бердім. Ол осы әңгіме барысында өз ойымен бөлісті (ол осы отбасының ынтымағы, татулығы, отбасы мүшелерінің бір-біріне құрметі жөнінде ой-пікірін білдіруі мүмкін)

8.Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғау

жалғаңыз.

Менің аға... Ақтауда. Менің іні... - он жаста. Менің жұмыс қиын.

Менің апа... инженер. Менің әке.... суретші. Менің ата.... зейнеткер. Менің әже... ауылда. Менің дос.... ақылды. Менің қарындас.... 7 жаста. Менің дос... Атыраудан. Біздің әке... - қызметкер. Біздің отбасы.... тату. Біздің апа... әдемі. Біздің журнал... арзан. .Менің екі апа... бар. Ал, сенің апа... бар ма? - Менің апа... жоқ. Менің қарындас... бар. Ал, сенің қарындас... бар ма? - Иә, қарындас... бар. Менің ата... ұстаз. Ал, сенің ата... кім? - Ол зейнеткер. Менің әже... алпыс жетіде. Ал, сенің әже... нешеде? - Менің әже... елу төртте. Менің аға... үйде емес. Ол жұмыста. Сенің көлік... қызыл түсті емес. Сенің үй... алыс емес. Менің көлік... үлкен емес, шағын. Менің үй... алыс емес, жақын.

*Менің қарындас-**ым**
Сенің қарындас -**ың**
Сіздің қарындас -**ыңыз**
Оның қарындас -**ы***

9. Көп нүктенің орнына жіктеу есімдіктерін қойыңыз.

... ағасы аулада отыр. ... әкең дәрігер ме? ... немересі оқушы. ... балаңыз неше жаста? ... апаң қайда жұмыс істейді? ... анасы – зейнеткер. ... балалары ауылда. ... досы университетте студент. ... жасың нешеде? ... балалары қайда? ... қарындасыңыз нешеу? ... автобусымыз мынау. ... теледидарыңды қосайық. ... туысқаны ауылда ма? ... қызымыз оқушы.

3-тақырып. Менің мамандығым –менің болашағым

1. Қателерді түзетіп, сөйлемдерді көшіріңіз.

Мен естімін. _____

Сен қойасың. _____

Сіз есікті жапасыз. _____

Біз далаға шықамыз. _____

Бұл менің кітапым. _____

Сен оқыйсың. _____

Шалбар кінесің бе? _____

2. Төмендегі жарнамаларды оқыңыз. Әр жарнамада қандай мамандық туралы айтылғанын табыңыз.

Біз күш-жігері мол, адамдармен тез тіл табысатын, әрқашан мақсатына жететін, табанды, қайратты адамдарды жұмысқа шақырамыз. Сіз күнде әртүрлі жаңа адамдармен кездесіп, оларға біздің өнімді жарнамалайсыз. Басқа қалаларға іссапарға шығуыңыз да мүмкін. Егер сіз шыдамды, мақсатшыл, қиындықтан қашпайтын адам болсаңыз, төменде көрсетілген мекенжайға хабарласыңыз!



Бізге шығармашыл, балалармен жұмыс істей алатын, өз міндетін жауапкершілікпен атқаратын жоғары оқу орындарының түлектері керек! Балалармен жұмыс істеу – сенің жетістіктеріңнің айқын көрсеткіші! Егер өзіңнің білікті маман екендігіңе сенімді болсаң, бізге кел!

Біз 35 жастан жоғары, қиындықтарға шыдай білетін, қызықты жұмыстан қашпайтын адамдарға іздеу саламыз! Жұмыста сіз өзге адамдардан қысым көруіңіз ықтимал. Сіздің жеке басыңызға қатысты жағымсыз сөздерді де естуіңіз мүмкін. Егер осындай қызық пен қиындыққа толы жұмыс қызықтыратын болса, сіз үшін біздің есігіміз ашық!



Ережемен танысыңыз.

Қос сөздер

306 - бет

Бұл дәріхана *күндіз-түні* ашық, тәулік бойы жұмыс істейді.
Неге *қайта-қайта* сұрай бердің?

3. Екі бағандағы сөздердің жұбын табыңыз.

Әке -

Бала -

Ата -

Күндіз -

Қайта -

Үлкен -

Ат -

шеше

қайта

қтші

мат

шаға

ана

түні

4. Берілген сөздерден біріккен сөз жасаңыз.

кәсіп жал еңбек баспа жұмыс көш
ақы басты сөз басшы ақы орын

кәсіп _____ еңбек _____ жұмыс _____
жал _____ баспа _____ көш _____

5. Мәтіндегі етістіктерді қажетті түрге қойып, оқыңыз.

“Еңбекқор адам”



Сіз күніне қанша сағат жұмыс істейсіз? Кешке жұмыс уақыты біткеннен кейін «үйімде бітіремін» деп қалған жұмысты үйіңізге алып кетесіз бе? Демек, сізді нағыз «еңбекқор» адам деп айтуға болады. Мұндай адамдар тәулігіне 12 сағат жұмыс істейді // жұмыс істеді. Соның арқасында отбасының хал-жағдайы жақсы, табысы жоғары // жоғары болады. Бәрі жап-жақсы, көңілдегідей көрінді // көрінеді. Бірақ олар отбасына көңіл бөлуді артық санайды // артық санады. Бала-шағасы болғанына қарамастан, күндіз-түні жұмыс істейді.

Мұндай адамдар артық жұмыс сағаты үшін қосымша жалақы да сұрамайды. Еңбек келісімшартындағы белгіленген жұмыс сағатын ұмытып, жан-тәнімен жұмыс істейді. Демалыс күндері олар өздерімен-өздері үйде отырып, теледидар алдын бермейді // бермеді. Ал егер жұмысқа шақырса, қуана-қуана барады // барды. Ол өз ұжымынан бөлек болғысы келеді // болғысы келмейді. Ұжыммен көп уақыт өткізуге // өткізуіне тырысады.

Мұндай жұмысбастылықты, өз қызметіне тәуелділікті нашақорлықпен салыстыруға // салыстыруды болады. Бұл – аурудың // ауру бір түрі. Ал ауру емдеуді қажет етті // етеді. Сондықтан ондай «еңбекқор адамдарға» ең бірінші, отбасы көмектесуі қажет // көмектесуге қажет. Егер ол отағасы болса, оны бұл аурудан емдеуге ынтаңызбен кіріскеніңіз дұрыс.

6. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сіз күніне қанша сағат жұмыс істейсіз?
2. Жұмыстан уақытында қайтасыз ба?
3. Жұмыста сағат кешкі 18.00-ден кейін жиі қаласыз ба?
4. Жұмыста өзіңіз қаласыз ба әлде бастықтың айтуымен қаласыз ба?
5. Үйіңізге қайтуға асығасыз ба?
6. Отбасыңызбен жиі уақыт өткізесіз бе?
7. Әріптестермен бірге болған ұнай ма?
8. Сіз тәулігіне қанша сағат жұмыс істейсіз?



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Бөлшектік сан есім

306 - бет

Жұмыстың *үштен бірі* бітті.
Өнімнің тең *жартысы* жөнелтілді.
Жұмыссыздық *екі жарым* пайызға артып отыр.

1. Бөлшектік сан есімдерді сөзбен жазыңыз.

Бөлшектік сан есім

1/2 *екіден бір* _____
1/4 _____
4/5 _____
1,5 _____
3/4 _____

2. Жауабын табыңыз.

Бір бөлмеде он екі адам отырады. Әріптестеріңіз кей күндері түскі тамаққа асханаға бармай, пиццаға тапсырыс береді. Екі әріптесіңіз тауық еті қосылған пиццаны, үшеуі бұрыш қосылған, бесеуі шұжық қосылған, ал қалғандары саңырауқұлақ қосылған пиццаны жақсы көреді. Сонда қанша адам саңырауқұлақ пиццасын жақсы көреді?

Сіздің жауабыңыз: _____





2

Лаураның кітабының беті – 300. Ол кітабының үштен бір бөлігін бес-алты күнде оқып бітірді. Сонда оқылмаған қанша беті қалды? Қалған бетін қанша күнде оқып бітіреді деп ойлайсыз?

Сіздің жауабыңыз: _____

3. Сан есімдерді өзгертіп жазыңыз.

Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім
Бір	_____	_____
Екі	_____	_____
Үш	_____	_____
Төрт	_____	_____
Бес	_____	_____
Алты	_____	_____
Жеті	_____	_____

ОҚЫЛЫМ

1. Төмендегі пікірді оқыңыз.

Ғалымдар бірқалыпты жұмыстың зиянын анықтады

Сарагоса Университетінің психологтары жүйкені тоздыратын, күйзеліске жақын, қауырт жұмысқа қарағанда іш пыстыратын, бір қалыпты жұмыстың тигізетін зияны анағұрлым жоғары екенін айтады. Бұл тұрғыда, көбіне, қызмет көрсету саласындағы жұмыскерлер мен шенеуніктер зардап шегеді екен. Әсіресе, бір қызметте 16 жылдан аса жұмыс жасап келе жатқан ер адамдар енжарлыққа жақын келеді.



Англиядағы Саутгемптон университетінің
қызметкерлері түнгі жұмыстың беделікке
әкеп соғатынын мәлімдеген

Ал сіз бұған не дейсіз?

*Бұл аурудың емі - белсенді өмір сүру, өзіне қызықты, сүйікті
істермен айналысып, достармен жиі-жиі кездесіп тұру!*

Психолог

1. Адамның тәулігіне неше сағат жұмыс істейтіндігі оның жұмысының нәтижесіне әсер етеді деп ойлайсыз ба?
2. Сіз күндізгі жұмысты жақсы көресіз бе, әлде түнгі уақытта жұмыс істегенді ұнатасыз ба?
3. Жұмыс уақыты біткен кезде үйлеріне қайтатын қызметкерлер туралы не ойлайсыз? А) бұл қызметкерлер, шынымен, күндік жұмыстарын бітіреді? В) Мұндай қызметкерлер күні бойы тек уақытын санап отырады. С) Қосымша қалған уақытқа қосымша ақы төленсе, бәрі қалатын еді.
4. Ал сіз жұмыстан өз уақытында қайтасыз ба? Here иә? Here жоқ?

2. Мәтінді оқыңыз.

Немістер тәулігіне бес-ақ сағат жұмыс істейді

ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы) елдерінде азаматтардың еңбек уақыты бір аптаға 40 сағаттан келеді екен. Ал Еуропада жұмыс уақыты ең қысқа елдердің тізімін Германия мен Нидерланды бастап тұр.

Мәселен, аталған елдерде жұмыскүнішамамен 5сағатқа созылады. Таң-тамаша болып отырсыз ба? Сонда бір жыл көлемінде 1 330 сағат жұмыс істейді деген сөз. Ал бір сағат еткен еңбегі үшін Германияда

– 35, Нидерландыда 42 доллар көлемінде жалақы төленеді. **Әлемдегі жұмыс уақыты ең қысқа елдердің** қатарына келесі елдер де кіреді. Францияда еңбек келісімшарты бойынша аптасына 26 сағат, Австрияда 27,5 сағат, Бельгияда 27,8 сағат, Ирландияда 28,3 сағат, Данияда 28 сағат, Люксембургте 30 сағат, Финляндияда 30 сағат, Британияда 31 сағат жұмыс істейді. Айта кетсек, дәл осы ондыққа кірген елдердің еңбекақысы да жоғары болып саналады. Айтып-айтпай не керек, еуропалықтар өз қызметкерлерінің асты-үстіне түсіп, барлық жағдайларын жасайды. Бір ескеретіні, жұмыста сирек, анда-санда болса да қалып, **кеш бойы жұмыс істейтін неміс жұрты** болып шыққан. Олар келісімшарттағы бекітілген жұмыс уақыты әлдеқашан бітіп қалса да, жұмыс орнында отырып, үлкен ізденіс үстінде еңбектенеді екен. Бұл көрсеткіш жағынан олар барлық елдерден алда тұр. Мүмкін, ірі кәсіпорындардың тоқтамауы, баспасөз беттерінде олардың ашқан жаңалықтары туралы дүркін-дүркін жазатындары да осыдан болар. Көп сала бойынша олардың көшбасшы болып тұрғандары анық, оны мойындау керек.



3. Мәтіннен қос сөздер мен біріккен сөздерді теріп жазыңыз.

Қос сөздер

Біріккен сөздер

4. Мәтінді мұқият оқыңыз, берілген кестені толтырыңыз.

Жұмыс уақыты	Қай елде?
1. Аптасына отыз сағат	_____
2. Аптасына жиырма жеті бүтін оннан бес сағат	_____
3. Аптасына жиырма алты сағат	_____
4. Аптасына жиырма жеті бүтін оннан сегіз сағат	_____
5. Аптасына отыз сағат	_____
6. Аптасына жиырма сегіз сағат	_____
7. Аптасына жиырма сегіз бүтін оннан үш сағат	_____
8. Аптасына отыз бір сағат	_____

5. Төмендегі сұхбатты оқыңыз.

Пікірлесуші: Сіз қазіргі жұмысыңызды не үшін ауыстырғыңыз келеді?



Үміткер: Қазіргі жұмысымда жұмыс сағаты өте көп. Келісімшартқа қарамастан, кешкі алтыдан кейін жиі қаламын. Отбасым, жас балам болғандықтан, жұмысымды ауыстырғым келеді. Жаңа жұмысымда дер кезінде үйіме қайтсам екен деймін. Аптасына аз жұмыс сағаты болса ғой...

Сіздің жауабыңыз:

Сіз осы сұраққа қалай
жауап берер едіңіз?

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Жас маманға айтылар кеңес



Есте сақтаңыз!

Көз - қорқақ, қол - батыр

Еңбек етсең ерінбей,
тояды қарның тіленбей

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті

Ерте тұрған жігіттің ырысы артық,
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Сұхбатты тыңдаңыз. Сұхбат берушілер туралы ақпаратты толтырыңыз.

№17



Сұрақтар:	№1 адам	№2 адам
Есімдері		
Мамандықтары		
Еңбек өтілі		
Отбасы жағдайлары		
Қай жақтан?		
Қайда бара жатыр?		
Жұмыстары ұнай ма?		
Жұмыстарында қиындық бар ма?		

2. Сұхбатты қайта тыңдаңыз. Төмендегі кестені толтырыңыз.

Қос сөздер	Біріккен сөздер	Бөлшектік сан есім

3. Сізге өз жұмысыңыз ұнай ма?

4. Алдағы 10 жылда дәл осы жұмысыңызды жалғастыра беремін деп ойлайсыз ба?

АЙТЫЛЫМ

1. Топтық жұмыс. Бір мамандықты жұмбақтап айтыңыз. Қалған топтастарыңыз сол мамандықты табуы керек.

Үлгі: Бұл мамандықтың жалақысы жаман емес. Ол адамдармен жұмыс істейді. Ол үнемі атақты, танымал адамдарды іздеуі керек. Сонымен қатар ол елдегі жаңалықтар және болып жатқан жаңалықтар туралы бірінші естиді. (Журналист-тілші).

Сіздер жасыруға тиісті мамандық атаулары: *бастық, тергеуші, суретші, хатшы.*

2. Жұптық жұмыс. Әріптесіңіз не досыңызбен пікір бөлісіңіз.



Алғашқы пікірлесуіңіз туралы айтып беріңізші. Қалай өтті?



Алғашқы пікірлесуде өзіңіз туралы жағымды пікірді қалай қалыптастырасыз?

3. Мамандықты қалай таңдау керек?

Сіздің қолыңызда мамандықты таңдауда бағыт берер 5 кеңес бар. Осы кеңестерді өз топтасыңызбен талдаңыз. Келісемін және келіспеймін деген жауаптарыңызды нақты дәлелдермен дәлелдеңіз.

1. Алдымен елімізде бар мамандықтардың тізімін жасау қажет. Қай мамандық туралы көбірек сөйлеп, сипаттай алатын болсаңыз, сол мамандық сіздің табиғатыңызға жақын деген мағынаны білдіреді.

2. Сіздің хоббиіңіз қандай? Сіз оны мамандыққа айналдыра алар ма едіңіз?

3. Сәнге айналған мамандыққа жүгірмеңіз.

4. Мамандықтың жаманы жоқ.

5. Амал жоқтықтан таңдау.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Әріптестеріңіздің арасында сауалнама жүргізіңіз.

Сауалнамада қойылатын сұрақтар:

- 1) Бұл мамандықты кім таңдады: өзіңіз әлде ата-анаңыз немесе тағы басқа адам?
- 2) Қазіргі жұмысыңыз ұнай ма? Неге ұнайды? 5 себеп.
- 3) Қазіргі жұмысыңыз өзіңізге ұнамай ма? 5 себебін жазыңыз.
- 4) Егер бұл мамандық болмаса, қандай мамандық иесі болар едіңіз? Неге? Себебін түсіндіріңіз.
- 5) 5 жылдан кейін өзіңізді осы сала бойынша қандай жетістікке жетемін деп ойлайсыз? Неге?

2. Сауалнама жауаптары бойынша сараптама жасаңыз. Қорытынды баяндама жазыңыз.

3. Өз жұмысына көңілі толмай жүрген әріптестеріңізге қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

4. Отбасы жағдайыңызға байланысты қазіргі жұмысыңыздан кетіп қалдыңыз. Енді сізге жаңа жұмыс орнын табу керек. Газетке, интернетке жұмыс іздеу туралы хабарлама жазыңыз.



4-тақырып. Мамандықтың бәрі жақсы.

МАЗМҰНЫ:

Әрекет кезеңдерінің берілуі: фазалық етістіктер – басталу, жалғасу, аяқталу.

- Модальдық қатынастың берілуі (жалғасы): тиістіліктің, қажеттіліктің, мүмкіндіктің, мүмкін еместің, рұқсаттың, тыйым салудың, бұйрықтың берілуі: модальді предикаттың берілуі.
- Қалау мағыналы етістіктің (барғым келеді...) қолданысы.
- Мақсат мәнді құрылымның берілуі;
- Шарт мәнді құрылымның берілуі;
- Себеп пен салдардың берілуі.

ОҚИМЫЗ, ОЙЛАНАМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

1. Маржанның өзінің інісіне жазған хатын оқыңыз. Таныс емес сөздерді аударыңыз. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркесіне назар аударыңыз.

Сәлеметсің бе, қымбатты бауырым!

Саған ұзақ, уақыт хат жаза алмадым, кешірім өтінемін. Мұмыстарым көп болды.

Саған бір ойымды айтқым келеді. Мені эколог мамандығы көбірек қызықтырады. Мен мектепте биология мен ботаниканы жақсы оқыдым ғой. Осы екі пәнді жақсы көретінім. Мақсат, маған кеңес бер. Маған осы маңызды сұрақты шешуге көмектес. Осы туралы не ойлайсың, хат жаз.

Сәлеммен Маржан

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Неге Марта інісіне ұзақ уақыт хат жазбады?
- 2) Оған не туралы ойлану керек болды?
- 3) Маржан экология мамандығы туралы не ойлайды?
- 4) Неге Маржан бұл туралы інісіне жазды?
- 5) Оған бұл мәселені шешу неге маңызды?

ГРАММАТИКАНЫ ҚАЙТАЛАЙМЫЗ, ОҚИМЫЗ

Іс-әрекет кезеңдерінің берілуі
Кезеңдік етістіктер: басталу, аяқталу, жалғасу

Кестемен танысыңыз. Кезеңдік етістіктердің қолданысына назар аударыңыз.

Кім не істеді?	Не істелді?
<i>Профессор лекцияны бастады.</i>	<i>Лекция басталды.</i>
<i>Ол әңгімесін бастады.</i>	<i>Әңгіме басталды.</i>
<i>Қазір дәрігер ауруларды қабылдауын аяқтайды.</i>	<i>Қазір ауруларды қабылдау аяқталады.</i>

2. Мысалдарды оқыңыз. Фазалық етістіктердің қолданысын талқылаңыздар.

1) Мақсат сабақ оқуды кешкі сағат 8-де **бастайды**.

Кеше Мақсат сабақ оқуды сағат 9-да **бастады**.

Ертең кешке сабақ оқуды ертерек **бастайды**.

2) Қысқы демалыс қаңтардың соңында **басталады**.

Демалыс екі аптаға **созылады**, ақпанның басында **аяқталады**.

3) Маржан телефонмен сөйлескенді жақсы көреді. Кеше ол құрбысымен сөйлесуді сағат үште **бастады**. Сөйлесу 40 минутқа **созылды**.

4) Мүмкін сіз шаршаған шығарсыз. Мен қазір өзімнің әңгімемді аяқтаймын.

– Жо-жоқ, **жалғастыра беріңіз!** Қызық екен.

5) – Міне, демалыс та бітті. Жұмысты бастау керек.

– Иә, өкінішті, жақсы нәрсенің бәрі тез **аяқталады**.

6) Кішкене күте тұрамыз, сәлден кейін жаңбыр **басылады**, жолды **жалғастырамыз**.

3. Сол жақта және оң жақта берілген сөз тіркестерін біріктіріңіздер. Осы сөздермен уақыты мен мекенін білдіріп, сөйлем құраңыздар.

экскурсия	басталды
Алмас	жалғасады, жалғасатын болады
жаңа топ	басталады
туристер	жалғасты
тәжірибе	сөйлей бастады
Олимпиадалық ойындар	сөйлеуді жалғастырды
директор	көрмені қарай бастайды
кездесу	баяндама жазуды аяқтады
достар	қазақ тілін оқи бастады

4. Фазалық етістіктерді пайдалана отырып, сұрақтарға толық жауап беріңіз. Тапсырманы жылдам орындауға тырысыңыз.

1) Қазақ тілін оқуды қашан бастадыңыз?

2) Сіздің факультетте сабақ қашан басталады?

3) Сабақ қанша уақытқа созылады?

4) Түскі үзіліс қанша уақытқа созылады?

5) Сабақ аяқталған соң, сіз әдетте не істейсіз?

- 6) Сессия қашан басталады?
- 7) Қашан бітеді?
- 8) Қысқы демалыс қашан басталады?
- 9) Демалыс қаншаға созылады?
- 10) Бірінші курста қазақ тілін оқуды жалғастырасыз ба?
- 11) Оқуды бітірген соң, қайда жұмыс істейтініңізді білесіз бе?

Модальдық қатынастың берілуі (жалғасы):

- Тиістіліктің, қажеттіліктің, мүмкіндік, мүмкін еместің, рұқсаттың, тыйым салудың, қалау мәнді құрылымның мағыналары
- Модаль мәнді предикат «тиіс», «керек»

5. Кестемен танысыңыз. Модаль мәнді предикат «тиіс», «керек» құрылымын талдаңыз. S (кім?) + не істеуге P (тиіс, тиісті)

Мен оқуға тиістімін	Біз оқуға тиістіміз
Сен оқуға тиістісің	Сендер оқуға тиістісіңдер
Сіз оқуға тиістісіз	Сіздер оқуға тиістісіздер
Ол оқуға тиісті	Олар оқуға тиісті
Маған оқулық керек	Бізге оқулық керек
Саған оқулық керек	Сендерге оқулық керек
Сізге оқулық керек	Сіздерге оқулық керек
Оған оқулық керек	Оларға оқулық керек
Менің оқуым керек	Біздің оқуымыз керек
Сенің оқуың керек	Сендердің оқуың керек
Сіздің оқуыңыз керек	Сіздердің оқуыңыз керек
Оның оқуы керек	Олардың оқуы керек

6. Төменде берілген мысалдарға «*тиіс*», «*керек*» модальді предикатын тиісті тұлғада қолданыңыз.

- 1) Кешіріңіз, ертең мен сізге келе алмаймын, вокзалда досыммен кездесуім ...
- 2) Рефератыңызды маған әлдеқашан көрсетуіңіз ... еді.
- 3) Студенттердің сабаққа күн сайын уақытында келуі ...
- 4) Келесі аптада сенің міндетті түрде тіркеуден өтуің ...
- 5) Мен ержеттім, үлкенмін, бос уақытымды қайда өткізетінімді айтуға ... емеспін.
- 6) Маржанға не болғанын түсінбедім, біздің Маржанмен сағат 4-те кездесуіміз ..., ал ол болса, әлі жоқ.
- 7) Сіздің қазір қызуыңыз жоғары, сәлден кейін түсуі ...

7. Сөйлемдерге назар аударыңыз.

O (кімге?) + P (модаль мағыналы сөз) не істеу?

Маған керек
 Менің досымның практикаға баруы керек.
 Назымның практикаға баруы қажет.
 Сенің әпкеңнің практикаға баруына болады.
 Барлық студенттердің практикаға баруы маңызды.

8. Мысалдарды оқыңыз. Модальді сөздердің, сын есімнің қолданысын, сөйлемдердің құрылуын талдаңыз.

- 1) Кешке сенімен бірге театрға бара алмаймын. Менің бір маңызды жұмысты аяқтауым **керек**.
- 2) Сабақ кезінде оқытушы сөзінің бәрін түсінгендерің **маңызды**.
- 3) Олимпиадаға баратын спортшылардың өте жақсы жаттығуы **қажет**.
- 4) Дәрігерге неге бүгін ғана бардың? Кеше баруың **керек еді**!
- 5) Кешіріңіз, директор мырзаға қашан хабарлассам **болады**?
- 6) Сіз есепті дұрыс шығармағансыз, бірінші формуланы жаттау **керек еді**.
- 7) Саған балмұздақ жеуге болмай ма? Шоколад **жеуге бола ма**?
- 8) Әрбір жас адамға өзінің болашақ мамандығын дұрыс таңдау **маңызды**.

9. Төменде берілген мысалдарға қажетті модаль сөздерді, сын есімдерді мағынасына қарай пайдаланыңыз.

- 1) Менің пікірімді тыңдау саған _____, білмеймін.
- 2) Сізге әзірге тұруға _____. Бірнеше күннен кейін тұруға _____.
- 3) Мына мәселені өзім шеше алатын емеспін. Маған осы туралы сенімен ақылдасу _____.
- 4) Көктемде таза ауада көбірек болу _____.
- 5) Университет ғимаратында ешкімге темекі шегуге _____.
- 6) Осы аптада шет елдік студенттердің елшіліктен виза алуы _____.

10. Берілген мысалдарда «*тиіс*», «*керек*», «*қажет*», «*маңызды*» сөздерін пайдаланыңыз.

- 1) Сізге таза ауа өте _____. Жазда қалада болмауға тырысыңыз.
- 2) Балалар үшін қай мамандықтың жақсы екендігі туралы ата-анасының пікірі _____.
- 3) Мына жұмысты менің жалғыз өзім істей алмаймын. Маған сіздің көмегіңіз _____.
- 4) Бізге ақша _____ болғанда, біз кредитті банктен алдық.
- 5) Ұмытпаңыздар, ата-аналарыңыз үшін сіздердің ниеттеріңіз _____.
- 6) Компьютер маған кеше _____ болды. Ал бүгін _____ емес.
- 7) Жазда сіздің тіркелу мерзіміңіз бітеді, сізге жаңа құжаттар _____.

Қалау мағынасының берілуі

Қалау мағынасының берілуіне назар аударыңыз.

Айшат бағдарламашы болғысы келеді. Айшаттың ата-анасы оның дәрігер болғанын қалайды.

1) Қалау адамның өзіне ғана қатысты болса, онда етістік түбіріне қалау мәнді білдіретін **-қы; -кі; -ғы; -гі** жұрнақтары жалғанып, «келеді» етістігі өзгеріссіз тіркеледі.

2) Егер қалау мәні әрекетке қатысы бойынша басқа адам тарапына берілетін болса, (если выражается желание по отношению к действиям другого человека (**субъект S2**), то после глагола и причастия давно прошедшего времени употребляется окончания табыс септік) онда қимыл есіміне және өткен шақ есімшеге табыс септігінің **-ын; -ін** жалғауы жалғанып, «**қалау**» етістігі жақ бойынша жіктеледі.

11. Берілген жағдаяттарға қарай адамдар не қалайды, айтыңыз.

Үлгі: Елшатқа әкесінің кеңесі керек. Елшат әкесінен кеңес сұрағысы келеді.

- 1) Маржанға жаңа компьютер керек.
- 2) Жеңіске медициналық анықтама керек.
- 3) Айнұр мен Салтанатқа жаңа шаңғы керек.
- 4) Дастан баяндамаға дайындалуы керек, бірақ оның материалдары жоқ.
- 5) Менің бүгін жұмысқа бармайтыным жақсы болды.
- 6) Асқар Гүлназдың мекенжайы керек екенін айтты.
- 7) Біздің мектепте досымызға көмегіміз керек.

12. Сөйлемді үлгі бойынша аяқтаңыз.

Үлгі: Менің үлкен ағам экономика факультетінде оқиды.

Ол менің де экономика факультетінде **оқығанымды қалайды.**

- 1) Асқардың көптеген достары бизнеспен айналысады. Олар Антонның да _____ болғанын _____.
- 2) Айжанның әпкесінің екі жоғары білімі бар. Ол Айжанның да _____ болғанын _____.
- 3) Мақсаттың ата-анасы банкте жұмыс істейді. Олар Мақсаттың да _____.
- 4) Менің ең жақсы құрбым – фотомодель. Ол менің де фотомодель _____.
- 5) Дәуреннің әкесі бірнеше шет тілін біледі. Ол Дәуреннің де бірнеше шет тілін _____.
- 6) Мен заң факультетіне оқуға түсемін. Сенің де Заң факультетіне _____.

Мақсаттың, шарттың, себептің, салдардың берілуі

Кестемен танысыңыз

1. Мақсат мәнді білдіретін сөйлем модельдерін талдаңыз.

Мағынасы	Моделі
мақсат	тәуелдік жалғаулы қимыл есімі + үшін

Мысалы:

Германияға, достарыма баруым үшін менің олардан шақыру алуым керек.

2. Шарт мәнді білдіретін сөйлем модельдерін талдаңыз.

Мағынасы	Моделі
шарт	егер + септік жалғаулы қимыл есімі

Мысалы:

Егер жақсы дайындалса, емтиханды оңай тапсыруға болады.

Егер сенің досың жақсы дайындалатын болса, емтиханды жақсы тапсырады.

3. **себеп** S1 + P1 себебі S2 + P2

Сенің досың емтиханды оңай тапсырды, себебі ол жақсы дайындалды.

4. **салдар** S2 + P2 сондықтан S1 + P1

Сенің досың жақсы дайындалды, сондықтан ол емтиханды жақсы тапсырды.

13. Төменде берілген жағдаят бойынша аяқталуы қажет, аяқталатын іс-әрекеттерді атай отырып, сөйлемді аяқтаңыз.

- 1) Егер қазақ тілінен үнемі дайындалса, _____.
- 2) Егер таза ауада жиі болса, _____.
- 3) Егер болашақ мамандық туралы жақсы ойланса, _____.
- 4) Егер ол уәде берсе, _____.
- 5) Егер жаз ыстық болса, _____.
- 6) Егер оған менің көмегім керек болса, _____.
- 7) Егер маманның пікірін білгіңіз келсе, _____.

14. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

Математика	математика маманы (математик)	математикалық
физика	физика маманы (физик)	физикалық
тарих	тарихшы	тарихи
биология	биология маманы	биологиялық
экология	экология маманы	экологиялық
әлеуметтану	әлеуметтанушы	әлеуметтік
география	география маманы	географиялық
_____	_____	_____
_____	_____	_____

15. 14-тапсырмадағы сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраңыздар.

Үлгі: Егер сен математиканы жақсы көрсең, математика маманы болғың келсе, математикалық факультетке түс.

16. а) Сөйлемді аяқтаңыз. Сөйлемдерде керек, қажет құрылымын пайдаланыңыз.

- 1) Жақсы демалу үшін _____.
- 2) Қыста ауырмас үшін _____.
- 3) Мына сұрақты тездетіп шешу үшін _____.
- 4) Бұрынғы достарыңды табу үшін _____.
- 5) Жақсы, қызықты баяндама дайындау үшін _____.
- 6) Жақсы жоғары оқу орнына түсу үшін _____.
- 7) Сессияны жақсы тапсыру үшін _____.

б)

- 1) Әуежайға досымды қарсы алу үшін _____.
- 2) Сабаққа, жұмысқа үлгеру үшін _____.
- 3) Қателеспес үшін жауап беруге _____.
- 4) Ол Астанаға қазақша үйрену үшін _____.
- 5) Қазақ тілін жақсы білу үшін көбірек қазақша _____.

17. Төменде берілген ақпаратты пайдаланып, сөйлемді үшін шылауымен жазыңыз.

- 1) ... жаңа студенттер залға жиналды.
- а) Олар ректорға сұрақ қойғысы келеді;
- б) Ректор оларға университет туралы әңгімелейді.

- 2) ... жас суретшілер көрме ұйымдастырды.
 - а) Олар өздерінің жақсы суреттерін көрсеткісі келеді;
 - б) Астаналықтар олардың жақсы жұмыстарын көре алады.
- 3) ... оқытушы студенттерді консультацияға шақырды.
 - а) Ол тағы да ең қиын тақырыптарды оларға түсіндіргісі келеді;
 - б) Студенттер ең қиын тақырыптарды тағы бір рет қайталай алады.
- 4) ... жастар әртүрлі елден Қазақстанға оқуға келеді.
 - а) Олар жақсы білім алғысы келеді;
 - б) Осы елдерде көптеген жақсы мамандар болады.

18. Сұрақтарға толық жауап беріңіз. Жылдам жауап беруге тырысыңыз.

- 1) Неге қазақ тілін жақсы білгіңіз келеді?
- 2) Сіз неге қазақша көп (аз) оқисыз?
- 3) Сіз неге спортпен айналысасыз (айналыспайсыз)?
- 4) Сіз неге киноға жиі (сирек) барасыз?
- 5) Сізге неге Алматының ауа райы ұнайды?
- 6) Сіз неге мектептес достарыңызды жиі есіңізге аласыз?
- 7) Сіз кім болғыңыз келеді? Неге?
- 8) Сіз неге біздің университетті таңдадыңыз?

19. Кеше (бірнеше күн бұрын) сіз не істей алмадыңыз, неге және салдары қандай болды, жазыңыз, айтыңыз.

Үлгі: а) Мен достарыммен бірге театрға бара алмадым, себебі менің жұмыстарым көп болды.

б) Достарыммен бірге театрға бара алмадым, сондықтан спектакль туралы ештеңе айта алмаймын.

- 1) Сіз математикадан консультацияда болмадыңыз.
- 2) Сіз көптен бері бұрынғы достарыңызға хабарласпадыңыз.
- 3) Сіз әлі тіркелуді рәсімдемедіңіз.
- 4) Сіз әлі курстағы барлық студенттермен таныспадыңыз.
- 5) Сіз дәрігер жазып берген дәріні сатып алмадыңыз.
- 6) Сіз соңғы жаңалықты естімедіңіз.
- 7) Сіз әлі Астаналық мұражайлардың бір де біреуінде болмадыңыз.
- 8) Сіз әлі медициналық комиссиядан өтпедіңіз.
- 9) Екінші білім алғыңыз келетіні туралы сіз әлі ата-анаңызға айтпадыңыз.

МӘТІНДІ ОҚИМЫЗ, ТАЛДАЙМЫЗ...

I. Мәтінді оқуға дайындалыңыз, 1-6 дейінгі лексикалық тапсырмаларды оқыңыз.

1. а) Интернационалдық сөздердің мағынасын сөздіксіз анықтаңыз, сұрақ қойыңыз.

Колледж, компания, кәсіби, әлеуметтік, бағдарламалау, сала, технология, кезең, фактор, маман, рөл.

б) Осы сөздердің мағынасын дұрыс түсіндіңіз бе, сөздікпен тексеріңіз.

2. Тақырыптық қатардан басты сөзді анықтаңыз, сәйкес емес сөздерді көрсетіңіз.

Дәрігер, мұғалім, детектив, мамандық, бағдарламашы, оқушы, технология, инженер, бизнес.

3. Сөздермен жұмыс. Таныс емес сөздерді аударыңыз, бір түбірлес сөздерді топтап, жазыңыз.

Таңдау, ұқалты, оқу, мектеп, ойнау, уақыт, оқытушы, қамқор, қызық, болады, білу, назар, қамқорлық жасау, жақсы көру, қызығу, мүмкіндік, тырысу, қазіргі, білім, сүйікті, ата-ана, оқушы, ойын.

4. Берілген сөздерге анықтауыш таңдаңыз.

Анықтама үшін берілген сөздер: мәселе, өмір, маман, мінез, мамандық, әлем, іс, жұмыс, ойын. күшті, маңызды, пайдалы, қиын, компьютерлік, қазіргі, бүгінгі, қызық, ішкі, келешек.

5. Сөздер мен сөз тіркесін, мысалдарды оқыңыз. Олардың мағынасын контекст бойынша түсінуге тырысыңыз.

1) сияқты ... сондай...

– Әкелеріміз өздері сияқты балаларының да сондай мамандықты алғанын, оқығанын қалайды.

2) бір жағынан, ..., екінші жағынан, ...

– инженерлік факультетке түссем бе, түспесем бе, көпке дейін шеше алмадым. **Бір жағынан**, маған физика мен математика ұнайды, **екінші жағынан**, инженерлік мамандықтың әйелдер оқитын мамандық емес екенін түсінемін.

3) тыңғылықты

Егер тек қана жыл бойы тыңғылықты дайындалсаң ғана, университетте жақсы білім аласың.

4) мүмкіндігіңіше көбірек

– Егер өзіңізді жақсырақ сезінгіңіз келсе, таза ауада уақытыңызды мүмкіндігіңіше көбірек өткізіңіз.

5) ашу – нені ашу?

Көптеген жастар өзінің фирмасын **ашқысы** келеді.

6) Оның мінезі қандай?

Оның **мінезі** жақсы.

7) түбір етістік + алу

Менің досым тамаша музыкант: ол әр түрлі аспаптарда **ойнай алады** (біледі). Ал мен мүлдем білмеймін.

9) табу керек, кімді, нені?

– Менің барлық сұрақтарды шешуге уақытым жоқ.

– Түсінемін. Сұрақтар күтіп тұрмайды ғой. Уақыт **табу керек**.

10) өзгерту, нені?

Қазір мамандық туралы оның пікірі басқа. Ол мамандығын **өзгертті**.

11) сенімді

Сенімді адамдар өздерінің шешімін бірнеше рет **өзгертпейді**.

12) тиесілі кімге? неге?

– Бұл мемлекеттік фирма емес, бір белгілі бизнесменге **тиесілі**.

13) әсер ету неге? кімге?

– Мамандық таңдауға көптеген факторлар мен адамдар **әсер етеді**.

14) қызығу, неге? Қызықтыру, кімді ? немен?

– Мен компьютерге **қызығамын**, сондықтан бос уақытымда компьютерде отырамын. Оқытушы

оқушыларды өз пәніне қалай қызықтыру керек екенін білу керек.

15) шығармашылық

– Әдетте шығармашылық мамандықтар деп, суретші, жазушы, музыкант мамандықтарын айтады.

II. Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

Мектепті бітірерде болашақ мамандығыңды таңдайтын уақыттың келгенін түсіне бастайсың. Бұл оңай емес. Бұл – отбасы үшін де мәселе. Әкелеріміз өздері сияқты балаларының да сондай мамандықты алғанын, оқығанын қалайды. Шешелеріміз балаларының туған қаласынан алысқа кетпегенін қалайды. Егер қалада колледж немесе университет болса, аналар әдетте өздерінің балаларын сонда түсуге үгіттейді.

Жастарға осы мәселені шешу өте қиын. Бір жағынан, жастар терең білім алғысы келеді. Екінші жағынан, бірнеше жыл бойы тыңғылықты оқу да қиын. Сондай-ақ, жастар жылдам өз бизнестерін бастағысы келеді, өздерінің фирма, компаниясын ашқысы, жақсы қаржы тапқысы, тәуелсіз болғысы келеді.

Әрине, жақсы, қызықты мамандықтар көп. Барлық мамандықтардың керек екені, барлық мамандықтардың маңызды екені құпия емес. Қалайша дұрыс таңдау жасауға болады?

Біріншіден, мінезіңіз қандай екенін ойлану керек. Мысалы, жақсы дәрігер болу үшін салмақты, мейірімді болуыңыз керек. Мектеп мұғалімі балаларды жақсы көрумен қатар, олар өз пәнін жақсы білуі тиіс, оны түсіндіре де білуі керек. Детектив батыл, адал, ақылды, және күшті болуы керек.

Екіншіден, өз жұмысыңды кәсіби деңгейде ынтамен істеу керек.

Көптеген жастар жоғарғы сыныпта-ақ өмірде немен айналысатынын біледі. Болашақ мамандықтары туралы сыныптастар қалай айтады, тыңдайық.

1. – **Мен Назыммын.** Осы жылы мен мектепті бітіремін. Менің арманым – психолог болу. Менің адамдарға көмектескім келеді. Адамдарға өздерінің ішкі әлемін түсінуге көмектескім келеді, өздеріне сенімді болуға көмектескім келеді. Бірақ бұл мамандық қызық, себебі әртүрлі адамдармен жұмыс істейсіз.

2. – **Менің атым – Мақсат.** Бағдарламашы болғым келеді. Компьютерге қызығамын. Менің мектептегі сүйікті пәндерім – математика, физика және әрине, бағдарламалау да болатын. География, биология, химия да мен үшін қызықты пәндер. Ал менің хоббиім компьютерлік ойындар мен бағдарламалау. Компьютерде сағаттап жұмыс істеп, отыра беремін.

Қазіргі кезде бағдарламашы мамандығының мүмкіндігі көп деп ойлаймын. Компьютер қазіргі технологиядағы ең ұтқыры болып табылады. Сондықтан мектептен кейін университетке бағдарламалауды оқуға түсемін.

3. – **Менің атым – Зере.** Мен мамандық таңдаудың қиын екенін түсінемін. Мамандық таңдауға көптеген факторлар әсер етеді. Ата-ананың да, мұғалімнің де әсері бар бұл мәселеде.

Мектептегі менің сүйікті сабағым – қазақ тілі. Мен бұл пәнді жақсы көремін. Мұның себебі мұғалімінің әсері деп ойлаймын. Мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі болғым келеді. Мұғалім болу оңай емес: мұғалімге орасан шыдамдылық керек. Мұғалім қиынды оңайлатуды, өз пәніне балаларды қалай қызықтыруды, тартуды білуі керек. Және, әрине, мұғалім өз пәнін жақсы білу керек. Менің мұғалімім түп-тура сондай адам. Ол нағыз маман, тамаша адам. Мүмкін мен болашақта мұғалімім сияқты болармын.

2. Ұсынылған мәтін тақырыбын талқылаңыз, таңдаңыз.

3. Мәтіннің негізгі идеясын айтыңыз. Өз жауабыңызға дәлелдер айтыңыз.

III. Лексика-грамматикалық тапсырмаларды орындаңыз.

1. Сөздер қатарын толықтырыңыз.

- 1) Досыңды университетке түсуге үгіттеу,...
- 2) Фирма құру, ...
- 3) Пікіріңді өзгерту, ...
- 4) Балаларға қамқорлық жасау, ...
- 5) Компьютерге қызығу, ...
- 6) Мамандық таңдауға әсер ету, ...
- 7) Жақсы маман болуға үміттену, ...

2. Берілген сөйлемдерді басқаша құрып көріңіз. Төменде берілген материалдарды пайдаланыңыз.

- 1) Әрбір адамға мамандықты дұрыс таңдау маңызды.
- 2) Жақсы дәрігер болу үшін шыдамды болу керек.
- 3) Мектеп мұғаліміне өз пәнін жақсы білуі қажет.
- 4) Психологтың адамдарды жақсы көруі керек.
- 5) Жақсы мұғалім болу үшін қатты тырысу керек.
- 6) Өз мамандығыңа шығармашылықпен қарау – маңызды.

Сөздер мен сөз тіркестері: мамандықты дұрыс таңдау; шыдамды; өз пәнін жақсы білу; адамдарға махаббат; жұмысқа шығармашылықпен қарау.

3. Мәтін мазмұнын есіңізге түсіріп, сөйлемді аяқтаңыз.

- 1) Әкелер балаларының өздері сияқты ... қалайды.
- 2) Аналар балаларының ... қалайды.
- 3) Көптеген жастар ... келеді.
- 4) Назым ... келеді.
- 5) Мақсат... келеді.
- 6) Зере ... келеді.

4. Жақша ішіндегі сөзді дұрыс тұлғасында жазыңыз.

- 1) Жастарға мамандық таңдау мәселесін (шешу) қиын.
- 2) Көптеген жастар өздерінің фирмасын (құру) келеді.
- 3) Жақсы таңдау жасау үшін сіз мінезіңізді ескеруіңіз керек.
- 4) Балалар мектепте-ақ өмірдегі өз жолын (таңдау) тырысады.
- 5) Әдетте, оқушылардың жоспары оқу кезеңінде бірнеше рет (өзгеру).
- 6) Мұғалім балаларды өз пәніне (қызықтыру) керек.
- 7) Болашақта мұғалім сияқты (болу) үміттенемін.

5. Себеп мәнді құрылымды білдіретін сөйлемді оқыңыз. Оларды салдар мәнді құрылымға алмастырыңыз.

- 1) Балалар өз пікірін жиі өзгертеді, себебі жақсы мамандықтар өте көп.
- 2) Назым психолог болғысы келеді, себебі ол адамдарға көмектескісі келеді.
- 3) Мақсат бағдарламашы болғысы келеді, себебі ол компьютерге қызығады.
- 4) Зере мұғалім мамандығын таңдады, себебі оның мектепте қазақ тілінен тамаша мұғалімі болды.
- 5) Мұғалім өте қиын мамандық, себебі мұғалімге үлкен шыдамдылық керек.

IV. Сіздің пікіріңіз

1. Пікірмен келісіңіз немесе қарсыласыңыз. Иә/Жоқ деп жауап беріңіз.

- 1) Болашақ мамандығыңды дұрыс таңдау – оңай.
- 2) Қазіргі жастар терең білім алғысы келмейді.

- 3) Дұрыс таңдау жасау үшін өзіңіздің мінезінізді ескеруіңіз керек.
- 4) Адамдар үшін кез келген мамандықтың ең маңыздысы – жақсы ақша табу.
- 5) Назым психолог болуға шешім қабылдады, себебі қазір бұл мамандық сәнге айналды.
- 6) Мақсат бағдарламашы болғысы келеді, себебі ол бағдарламалауды оқығысы келеді.
- 7) Зере оқытушы мамандығын таңдады, себебі оның шешесі ағылшын тілінің оқытушысы.

2. Сұрақтарға дәлелді жауап беріңіз.

- 1) Неге жас адамның мамандық таңдау мәселесі отбасы үшін де маңызды?
- 2) Неге жас адам үшін бұл мәселені шешу қиын?
- 3) Дұрыс таңдау жасау үшін нені ескеру керек?
- 4) Кез келген мамандықтың адам үшін ең маңыздысы не?
- 5) Назым қандай мамандық таңдады? Ол неге осы мамандықты қызықты деп санайды?
- 6) Мақсаттың әуестігі не? Ол кім болғысы келеді? Болашақта компьютердің рөлі туралы не ойлайды? Ол неге осылай ойлайды?
- 7) Зеренің пікірінше, мамандық таңдауға кім әсер етеді?
- 8) Оған кім әсер етті? Неге?

3. Сіздің пікіріңізше, әртүрлі мамандық адамдары: заңгер, ғалым, журналист, дипломат, ұшқыш, сатушы, балабақша тәрбиешісі, фирма директоры қандай болуы керек?



ӨЗБЕТІМІЗШЕ ОҚИМЫЗ...

Біз бір нәрсеге үйренген кезімізді біз бұл біздің табысымызға көмектеседі деп ойлаймыз.

Кейбір ұстанымдар бар, бәрі де пайдалана алады.

Сонымен елдер қалай табысқа жетеді? Себебі неде? Олар ақылды ма, жолы болғыш па? Екеуі де емес.

Мен сіздерге, шындығында, табысқа не жеткізеді, соны айтқым келеді.

1. **Бірінші – ынтызарлық.** Фримен Томас: «Мені қозғалтатын – ынтызарлық» деген екен. Бір нәрсемен ақша үшін емес, ынтызарлықпен айналысу керек. Кэрл Колектта: «Мен біреуге менің не істегенімді істесе, соған төлер едім» дейді. Ең қызығы сол, егер өз ісінді махаббатпен жасасаң, ақша өзі келеді.

2. **Жұмыс!** Руперт Мердок айтты: «Бұл қиын жұмыс. Ештеңе өзі келмейді. Бірақ мен сонша рахаттанамын». Жұмыстан рахат табу, сіздің еңбекқор екеніңізді білдірмейді. Сіз жұмысты жақсы көресіз.

3. **Концентрация.** Норман Джунсон: «Ең бастысы – ең маңыздысына мән беру, жинақталу».

4. **Меңгеру, жеңіп шығу.** Девида Галло: «Өзіңді меңгеруің, жеңіп шығуың керек. Физикалық жағынан, моральдық жағынан жеңіп шығуың керек». Сіз өзіңіздің ұялшақтығыңызды, сенімсіздігіңізді жеңіп шығуыңыз керек. Голди Хоун айтады: «Мен ылғи өзіме сенімсіз болдым, күдіктендім. Мен соншалықты жақсы, ақылды емес едім. Менен бір нәрсе шығады деп ойламайтынмын».

5. **Идеялар.** Билл Гейтс: «Менің микрокомпьютерлер үшін бағдарлама өнімдерінің бірінші компаниясын жасау идеям болды» дейді. Мен бұл тамаша идея деп айтар едім. Идеяның қалай келетіні туралы ешқандай магия жоқ. Тек қана қарапайым істерді істеу керек. Мұны көптеген мысалдармен дәлелдей аламын. Идеяларды түрлендіру үшін сізге: тыңдау, байқау керек, әуестенуіңіз керек, сұрақ қоя білуіңіз керек, шешім қабылдап, байланыстар жасай білуіңіз керек.

6. **Профессионализм.** Алекс Гарден: «Табысты болу үшін бір нәрсені таңдаңыз, осыда ең жақсы болыңыз» дейді. Ешқандай ғажайып жоқ. Практика, практика, практика.

7. **Қызмет ету.** Шервинд Нуланд: «Мен үшін дәрігер болып қызмет ету құрмет болатын» дейді. Қазір көп бала миллионер болғысы келетінін айтады. Мен айтар едім: Бірінші, өте жақсы. Сіз тек қана өзіңізге қызмет етпейсіз, сіз өзгеге бір құндылық беруіңіз керек деп. Себебі адамдар тек қана осылай ғана бай болады.

8. **Табандылық, қайсарлық.** Джо Краус: «Біздің байлығымыздың басты себебі – табандылық. Сіз сәтсіздіктерден де, сыннан да, шеттетуден де қысымнан... да өтуіңіз керек».

Сонымен басты сұрақ: «Қалай табысқа жетуге болады?» деген сұраққа жауап: «осы ұстанымдардың соңынан жүріңіз, маған сеніңіз, табысқа жеткізеді».

(8 секретов успеха от Ричарда Св. Джон
https://www.ted.com/talks/richard_st_john_s_8_secrets_of_success?language=ru)

ӨҢГІМЕЛЕСЕЙК ...

1. Өңгімелесу үшін жауап беруге тиісті сұрақтармен танысыңыз.

- 1) Кім болғыңыз келеді?
- 2) Сіз неге осы мамандықты таңдадыңыз?
- 3) Сізге осы таңдауды жасау қиын болды ма?
- 4) Болашақ мамандығыңызды шығармашылық деп санайсыз ба?
- 5) Осы саланың мамандары қандай болу керек деп ойлайсыз? Here?
- 6) Қазіргі жастардың екінші мамандық алуы туралы не ойлайсыз? Бұл сіз үшін маңызды ма?
- 7) Сіз қандай екінші мамандық алар едіңіз? Here?
- 8) Сіздің пікіріңізше, болашақ мамандықты таңдау үшін ең маңызды не: қабілет пе, жақсы ақша табу ма немесе басқа ма? Өз жауабыңызға дәлелдер айтыңыз.
- 9) Өзіңіздің таныстарыңыздың, туыстарыңыздың, достарыңыздың немесе белгілі адамдардың қайсысын нағыз маман деп айтар едіңіз? Сіз үшін кім үлгі болып табылады? Here?
- 10) Жоғары білім алған, бірақ мамандық таңдауда қателескен адам не істеу керек? Өзіне ұнамайтын іспен айналысуды жалғастыра беруі керек пе, немесе өзінің қабілетіне байланысты басқа мамандық алуы керек пе? Here?
- 11) Университетті бітірген соң, қайда жұмыс істегіңіз келеді? Сіздің елде мамандығыңыз бойынша қызықты жұмысқа тұру оңай ма, қиын ба?

2. Аталған тақырыпты талқылау үшін қызықты болуы мүмкін тағы қандай сұрақтар берер едіңіз. 4-5 сұрақ ұсыныңыз.

5-тақырып. Бірінші байлық -денсаулық

Грамматика. Есімшенің өткен шағы.

1. Мәтінді оқып, мағынасын ұғып алыңыз.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргенде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз. Аздап ауырсақ, өзіміз білетін дәрі-дәрмектерді ішіп жазылып кетуге тырысамыз. Дәрігерге бара қоймаймыз. Шын мәнінде кез келген аурудың алдын алуға болады.

Ол үшін не істеу керек? Ең алдымен, спиртті ішімдіктер мен темекі шегудің зиянын білген дұрыс. Темекі түтінінің құрамында 30-дан астам зиянды заттар бар. Әсіресе жас балалар мен қарттарға темекі тартуға болмайды. Бұл заттар - қатерлі ісіктің пайда болуына тікелей себептер. Ішімдікке салынып кетуге болмайды. Ішімдікті жақсы көретін адамнан бақытсыздықтан басқа ештеңе күтуге болмайды. Лев Толстой: «Спиртті ішімдік адамның денсаулығын құртады, ең қорқыныштысы — адамның рухы мен ұрпағын жояды», - деген болатын.

Денсаулық сақтаудың алдын алуға болады. Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет. Әсіресе жасы ұлғайған адамдарға майлы тамақтарды көп жеуге болмайды. Оның орнына сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтаудың маңызы зор. Ал спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі — жүгіру. Күн сайын таңертең үйдің маңайында, саябақта жарты сағаттай жүгіруе болады. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеуге болады. Әр түрлі жаттығулар жасауға болады.

Жаңа сөздермен танысыңыз.

Зиянды заттар – вредные вещества

Қатерлі ісік – злокачественная опухоль, рак

Бақытсыздық – несчастье

Жасы ұлғайған адамдар – пожилые люди

Майлы тамақтар – жирное питание

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Денсаулық адамға неліктен қымбат?
2. Денсаулыққа зиянды нәрселерді, әдеттерді атаңыз.
3. Денсаулықты қалай сақтауға болады?

Жатыс септігі имеет окончания -да, -де, -та, -те и показывает место действия. Слова в жатыс септік отвечают на вопросы Кімде? Неде? Қайда? Қашан? Мысалы:

Аурухана-да (қайда?)

Мейірбике-де (кімде?)

Емхана-да (қайда?)

Жексенбі-де (қашан?)

3. Оқып жаттығыңыз. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыз.

- | | |
|--|-----------------|
| - Мынау кім ? | - Кто это? |
| - Бұл – дәрігер . | - Это – врач. |
| - Бұл қандай дәрігер? | - Какой врач? |
| - Бұл – қатерлі ісік ауруларының дәрігері . | - Он – онколог. |
| - Мынау не ? | - Это – что? |
| - Бұл – аурухана . | - Это больница. |
| - Мұнда кім емделіп жатыр? | - Кто здесь |
| лечится (лежит)? | |

- | | |
|---|---------------------|
| - Мұнда менің әжем емделіп жатыр.
моя бабушка | - Здесь лечиться |
| - Оның қай жері ауырады?
болит? | - <u>Что</u> у него |
| - Оның аяғы ауырады.
<u>ноги.</u> | - У него болят |
| - Оның дәрігері қандай?
врач? | - Какой у него |
| - Оның дәрігері <u>ортролог</u> .
<u>ортролог</u> | - Его врач – |

4. Сөйлесіңіз, қажетті жалғауды қойыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлемет болыңыз. Отырыңыз.
- Мен сізге қарасты аумақта тұрамын, Кенесары көшесінде.
Мынау – **менің медициналық кітапша...**
- Жаксы. Айта беріңіз. Қай жеріңіз ауырады?
- **Менің бас...** ауырады. Тұмауратып қалдым. Аздап жөтелемін.
- **Сіздің ыстығ...** көтерілді ме?
- **Менің ыстығ...** көтерілді.
- Жарайды. Қазір қараймын.
- Рақмет, сізге.

5. Мақалдарды, ғұламалардың сөздерін еске сақтаңыз



- Тазалық – саулық негізі,
Саулық – байлық негізі.
(Халық мақалы)
- Емнің алды – еңбек.
(Халық мақалы)

«Ауруын жасырған өледі»

(Ә.Науаий)

«Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды»

(Баласағұни)

Бірінші байлық – денсаулық

Екінші байлық – ақ жаулық

Үшінші байлық – он саулық

(Халық мақалы)

6. «Иә» және «жоқ» сөздерін пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

- Мынау Сіз емделетін емхана ма?
- Иә, _____ .
- Емханада жаңа құрылғылар бар ма?
- Жоқ, _____ .
- Мынау тіс дәрігерінің бөлмесі ме?
- Иә, _____ .
- Бұл – тіс дәрігері тәжірибелі ме?
- Бұл – _____ .
- Менің тістерімді емдей ала ма?
- Иә, _____ .
- Ал, мына бөлмедегі тіс дәрігері ше?
- Бұл - _____ .
- Сіздердің жұмыс кестелеріңіз бірдей ме?
- Иә, _____ .
- Онда мен кезекті күте тұрайын...
- Иә, _____ .

7. Мәтінді оқып, ауызша талдаңыз.



XIX
ғасырдың
аяғында
адамның орта
жасы 22 жыл
болған. Ал,
XX ғасырдың
аяғында
адамның орта
жасы 37,5 жыл
болды.

Ресейде ер
адамдардың өмірінің орташа ұзақтығы 57 жас та, әйелдердің
өмірі ұзағырақ.

Әр адам өмірінің белгілі бір кезеңінде (мансапқа қолы жеткенде, үй салғанда, ағаш отырғызғанда, балалары қуантқанда) орта жастың дағдарысына кез болады. Әлеуметтік экологияның халықаралық институты көрсеткендей, дағдарыстағы жастар болып 27, 35-37, 42-44, 49-50 жастар есептеледі. Бұл уақытта адамдар қиын аурулармен ауырып, жарақат алулары мүмкін. Осы жаста адамдар бұрынғы денсаулығын, сыртқы келбетін, сақтап қалуға, қартаю процесін тежеуге көбірек көңіл бөле бастайды. Осыған орай денсаулықты сақтау мен ерте қартаюдан қорғану үшін не істеу керек деген сұрақ туады.

1. Инфаркт, инсульт, рак, басқа да ауыр науқастармен ауырмау үшін темекі шегуден бас тартқан жөн.

2. Жүйкенің тозуын (стресс) тудыратын жағдайлардан қашық болу керек немесе оларға байыппен қарау керек.

3. Ағзадағы су-тұз алмасуды ретке келтіру – күн сайын 2-2,5 л таза су ішу керек.

4. Гипертониялық ауруларды болдырмау, жүрекке салмақ түсірмеу, қан тамырларын холестеринмен толтырмау,

өт жұмысын ауырлатпау, қант диабетін асқындырмау үшін дұрыс, сапалы тамақтану керек. Ол үшін:

- таңертеңгі ас дұрыс болғаны жөн;
- денеде артық май болмау керек;
- тамақтың витамині мен пайдалы заттары көп болу

керек;

- ағзаны витаминдермен, микро, макроэлементтермен толықтырып отыру қажет;

- ауруларды асқындырмау үшін өсімдік майын пайдаланған жөн.

8. Сұхбатты толықтырыңыз.

- Қалыңыз қалай?
-
- Адам өмірінің ұзақтығы жайлы не білесіз?
-
- Адам өміріндегі дағдарыстағы жастарды білесіз бе?
-
- Адамдар бұл жаста неге көңіл бөле бастайды?
-
- Темекі шегудің қандай зияны бар деп ойлайсыз?
-
- Су ішудің пайдасы неде?
-
- Жүйкенің тозуын (стресс) тудыратын қандай жағдайлар?
-
- Жүректің, өттің дұрыс жұмыс істеуі үшін, қан тамырларын сақтау үшін не істеу керек?

9 Сұхбатты оқыңыз және еске сақтаңыз.

- Науқас қабылдау бөлімшесіне өзі түсті ме?
- Науқас қабылдау бөлімшесіне жедел жәрдем машинасымен жеткізілді.
- Ауруханадан шығарғанда науқастың жағдайы қандай еді?

- Науқас операциядан 7 күн өткеннен кейін жағдайы сәл дұрысталған соң шығарылды.
- Науқас ауруханаға қандай диагнозбен жатқызылды?
- Науқас ауруханаға жіті аппендицит диагнозымен жатқызылды.
- Егер жағдайы нашарласа, оны ауруханаға қайтадан жатқызу керек.
- Алаңдамаңыз, науқас менің бақылауымда жүр.
- Олай болса, сіздің кәсіби біліктілігіңізге сендік.

10. Сөйлемдердегі сөздерді, тиісті септік жалғауларын қойып, толықтырыңыз.

1. Гүлденген экономика... дені сау, саналы азаматтар жасайды.
2. Жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектік... орнықтыру - біздің міндетіміз.
3. Денсаулықтың қадір..., әдетте, адам ауырған... ғана білетіні өкінішті-ақ.
4. Тек ойлап қарасаңыз, денсаулық - адам баласы... табиғат сыйлаған ең басты байлық.
5. Қоғамдағы әлеуметтік жағдай... төмендеуі кәмелетке толмағандар арасын... қылмыс... көбеюі... әкеліп соғады
6. Балалар... дисплазия ауруы ағза... иод..., кальций... аздығынан болады.

11. Берілген сөздермен барыс септігінде сөйлем құраңыз.

Мен дүйсенбіде	дәрігер...
Сен сейсенбіде	қайда
барамын	
Ол сәрсенбіде	уқалау...
барасың	
Әжем бейсенбіде	аурухана...
барады	
Атам жұмада	мешіт...

Ағам сенбіде
Анам жексенбіде

емхана...
шипажай...

6-тақырып. Ұлттық тағамның пайдасы

1. Сұхбатты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе, менің атым – Мұхтар. Сіздің атыңыз кім?
- Амансыз ба, менің атым – Ғалымжан.
- «Ас – адамның арқауы» тақырыбы бойынша бірнеше сұрақ қойсам бола ма?
- Әрине, сұраңыз.
- Сіз уақытымен тамақтанасыз ба, әлде тәбетіңіз болған кезде тамақтана бересіз бе?
- Мен күніне төрт-бес рет тек уақтылы ғана тамақтануға тырысамын.
- Оның себебін қалай түсіндіресіз?
- Кез келген уақытта көңіл сүйген тамақты іше беру дұрыс емес, оның көп ретте денеде май қатпарларын молайтуға алып келуі мүмкін.
- Қандай тағамдар ішу керек?
- Калориялы тағамдар, ақуыздар мен көмірқышқылдар қабылдаған тағамдардың 80 пайызы болу керек. Қалған 20 пайызы десертке арналғаны жөн.
- Сусындардан не ішкен жөн?
- Табиғи шырындар мен шай, мүмкіндік болса, қымызды да алып тұру керек.
- «Ас – адамның арқауы» деп бекер айтпаса керек. Ендеше дұрыс тамақтанудың адам денсаулығы үшін пайдасы көп екені рас қой.
- Сұхбатыңыз үшін рахмет! Сау болыңыз!

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Халықта неліктен «Ас – адамның арқауы» деп айтады? (денсаулық, көңіл күйі, жұмысқа қабілеттілік)
2. Ғалымжан неліктен күніне 4-5 рет тамақтанады? (тамақ жеген ұнайды, уақтылы тамақтанған дұрыс деп есептейді, адам артық салмақ қоспайды)
3. Ғалымжанға неліктен ет тағамдары ұнайды? (жасынан ет жеуге дағдыланған, анасы үйреткен, ет жеген пайдалы деп есептейді, етте ақуыз көп)
4. Ғалымжан неге қымыз ішкенді ұнатады? (қымыз денсаулыққа пайдалы, қымыз – дәмді сусын, жасынан қымыз ішіап дағдыланған)

3. Мақалдар мен мәтелдерді еске сақтаңыз.

«Дені сау кедей – ауру корольден бақытты»



Шопенгауер
Дені сау азаматтар - мемлекеттің ең бағалы
капиталы.

(В.Комат)

Ас тұрған жерде дерт тұрмайды.

Халық мақалы

Ауру кісі күлкі сүймес,
Ауыр жүкті жылқы сүймес.

Халық мақалы

Тазалық – денсаулық кепілі.

Халық мақалы

4. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

- Айдар, бізге бүгін келесің бе?
- Жоқ. Мен сенбіде, сенің туған күніңде келемін.

- а) Лаура – дүйсенбі – ауруханадан шығамын;
- ә) Маржан – келесі апта – анасына келеді;
- б) Ермек – сәрсенбі – інісі диплом алатын күні келеді.

5. Мәтінді оқып, мағынасын ұғып алыңыз.

ҚЫМЫЗ



Қымыз – қазақ халқының ежелден келе жатқан қасиетті сусыны. Қымызды қазақтар сусын ретінде де, өкпе ауруына ем ретінде де қолданған. Қымыз расында да өкпе ауруының алғаш басталған кезінде, сондай-ақ операциядан соң ауру қалдықтары толық жойылу үшін де қолданылған. Кейде науқастардың жағдайы жақсарған соң дәрі қабылдағысы келмейді. Сондай жағдайда ауруды қайта қоздырмау үшін де қымыз ішу аса пайдалы болады.

Қымыз өндірісі соңғы жылдары ауылды жерлерде, мал өсіретін шаруашылықтарда жақсы дамып келеді. Қымыз әбден өңделіп, санитарлық тексерістерден өткеннен соң ғана сатылады.

Жаңа сөздермен таныс болыңыз.

ежелден – издавна

ауру қалдықтары – остаточные явления заболевания

толық жойылу – полное уничтожение

өңделу, өңдеу – обработать

мал өсіретін шаруашылықтар – животноводческие хозяйства

6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1.Қымыз қандай сусын?
- 2.Қымызды қандай жағдайда қолданады?
- 3.Тұмауды қоздыратын қандай вирустар?
- 4.Тұмау басқа адамдарға қалай жұғады?
- 5.Тұмаумен кімдер көп ауырады?

7. Төмендегі есімшелі сөз тіркестерін пайдаланып, сұхбат құрыңыз.

Бірінші келген, соңында тұрған, бірінші тапсырған, емделетін, жақсы қарайтын, көрер (көретін) көз, жазар (жазатын) сөз.

Үлгі: Ол рентгенге түсуге бірінші келген.

8. Берілген сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құраңыз.

1. Қоздырғыштар, тұмау, ауру, арқылы, вирусты, пайда болатын, бірнеше.
2. Бөлінеді, үш, вирустары, түрге, тұмаудың.
3. Нашарлап, құсуы, кейде, айнуы, адамның, тәбеті, жүрек, мүмкін.
4. Душар етеді, асқынған, тұмау, кезде, өкпе, ауруына.
5. Болады, суыққа, шалдыққаннан, көбіне, тұмау.

9. Төмендегі қанатты сөздер мен мақалдарды оқып, мағынасын түсіндіріңіз.



Таза бол, аурудан ада бол.

**Көзің ауырса, қолыңды тый,
Ішің ауырса, аузыңды тый.**

10. Тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Өкпе ауруы жайлы нақты мәлімет беретін аппарат?
А. термометр; Б. рентген аппараттары;
Ә. барометр; В. танометр.
2. Қазақ халқының ұлттық сусыны
А. қымыз; Б. шырын ;
Ә. шай; В. су.
3. Мақалды аяқтаңыз...
Дені сау адам – ... адам.
А. арманшыл; Б. бақытты;
Ә. ырысты; В. дәулетті.
4. Есімдікті көрсетіңіз.
А. анау; Б. тарс-тұрс;
Ә. жұлдыз; В. ербеңдеу.

7-тақырып. Адам және экология.

Сөздік

қоршаған орта – окружающая среда
жан-жануарлар мен өсімдіктер – животные
и растения
алыстағы жұлдыздар – далекие звезды
ажырамас бөлігі – неотделимая часть
ұғым – понятие
туған жер – родная земля
ыстық махаббат – пламенная любовь
ормандар – леса



тоғайлар – рощи
 ерекше – особенный
 үздіксіз өзгерістер – непрерывные
 изменения
 жанартаудың атқылауы – извержение
 вулкана
 найзағайдың жарқылы – сверкание молнии
 табиғат құбылыстары – явления природы
 себеп-салдар – причина



КӨСЕМШЕ

Көсемше (деепричастия) в казахском языке встречаются настолько часто, что даже простые детские рассказы без них не обходятся.

Есть три вида деепричастий, которые образуются с помощью суффиксов:

- *n* / -*ып* / -*ін*: бар-ып, кел-ін, қара-п;

-*a* / -*e* / -*й*: бар-а-мын, кел-е-сің, қара-й-ды;

-*ғалы* / -*гелі*, -*қалы* / -*келі*: бар-ғалы, кел-гелі, айт-қалы

Лексика-грамматикалық тапсырмалар

1-тапсырма. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.


Табиғат құбылыстар, үздіксіз өзгерістер, жанартаудың атқылауы, найзағайдың жарқылы, судың мұзға айналуы, табиғаттағы өзгерістер, аспан денелері, гүлдердің шешек атуы, ағаштың жайкалып өсуі, өзеннің тасуы, көлдердің тартылуы, қоршаған орта.

2-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестері арқылы сөйлем құрыңыз.

Табиғат құбылыстары, физика заңдарына сүйену, аспан денелері, құбылыстардың себеп-салдарын ашу, физика мен астрономияға ортақ құбылыстар, күн мен түннің

ауысуы, күннің тұтылуы, жердің өсі, үздіксіз айналуы, жердің айналуы, жыл мезгілдерінің ауысуы.

3-тапсырма. *Сөз тіркестерін жасаңыз.*



4-тапсырма. *Диаграмманы толтырыңыз.*



5-тапсырма. *Берілген сөйлемдерден –ып, -іп, -п жұрнақтарын тауып, жағын анықтаңыз.*

Мен 1990 жылы туыппын. Қазақстан Республикасы сол жылы өз тәуелсіздігін жариялапты. Оған халқымыз қуаныпты. Мен оқуымды жақсы оқып, еліме пайдамды тигізгім келеді. 1997 жылы Ақмола қаласы елорда болыпты. Ал 1998 жылы Астана қаласы болып аталыпты. Қазір Астана Қазақстан Республикасы азаматтары мақтаныш ететін үлгілі де, өркениетті қалаға айналды. Мұнда биік үйлер мен ғимараттар

салынып, қаланың аумағы үлкейіп, халқының саны еселеп артты.

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, жер мен ай, күн мен алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы да «табиғат» деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген ұғым қалыптасқан. Жерді өз анасындай, анасын күндей қастерлеу ата салтымыз. «Жер шоқтығы - Көкшетау», «Жер жанны - Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан ормандарды, тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның, өзен мен көлдердің ластанбауына ерекше мән берген. «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, жас ұрпақтың бойына табиғатты қорғаудың тәрбиесін сіңірген.

Адам мен табиғаттың жарасымы мен үйлесімі сақталғанда ғана, олардың өзара өмір сүру тепе-теңдігі сақталмақ. XX ғасырда осындай тепе-теңдік бұзыла бастады. Адамзаттың индустриялық кезеңге өтуі, қалалардың көбеюі – табиғатқа зақым келтіре бастады. Соның нәтижесінде, бүгін көп айтылатын экологиялық мәселе туындап, оны шешу жолдары ғаламдық мәселеге айналды. Экологиялық мәселе, әсіресе, экономикасы жоғары дамыған елдерге аса тән. Сондықтан табиғат пен адамның үйлесімді өмір сүруіне қоғамның көңілін бөлу үшін экологиялық ұйымдар құрылуда. Өнеркәсібі дами бастаған біздің елімізде де осындай мәселе бар. Мысалы, Алматы, Өскемен, Қарағанды, Жаңаөзен, Балқаш, Теміртау сияқты қалалардағы экологиялық ахуал



адамның денсаулығына зиян келтіруде. Сол себепті қоғамдық ұйымдар, ақпарат құралдары осы мәселелерді жиі көтеруде.

Адамзаттың өркениет биігіне жетуі – индустрияландырумен ғана шешілмейтінін уақыт дәлелдеуде. Сондықтан бүгінгі адамзат баласы табиғатпен үйлесіп өмір сүрудің тиімді жолдарын шешуде.


1-тапсырма. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

- Қоршаған орта дегеніміз не?
- «Жер-Ана» деген ұғымды қалай түсінесіз?
- Табиғатта кездесетін өзгерістерді атаңыз?
- Табиғат пен адам арасындағы байланыс туралы айтыңыз.
- Өз мінезіңізді табиғаттың қандай құбылысымен сипаттайсыз?

2-тапсырма. *Мәтінді оқыңыз.Берілген жоспар бойынша әңгімелеңіз.*

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Қорытынды

3-тапсырма. *Венн диаграммасын толтырыңыз.*



4-тапсырма. *Сөйлемдерді орын тәртібімен жинаңыз.*

1. Табиғаттың, Адам, бөлігі, ажырамас.

2. Жатады, өзгерістер, болып, үздіксіз, табиғатта.

3. Деп, әлемде, сан, алатын, аталады, орын, алуан, құбылыстары, өзгерістер, табиғат.

4. Бір-бірімен, табиғат, байланысты, тығыз, құбылыстары.

5. Жан-жануарлар, өсімдіктер, мен, табиғат, ауқымды, білдіреді, деген, барлығы, алыстағы, Жер, Күн, мен, жұлдыздар, Ай, мен, ұғымды, –, да, осылардың.

1-тапсырма. *Мәтін бойынша сұрақ қойыңыз.*

Үлгі: Адам ненің ажырамас бөлігі?

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

2-тапсырма. *Жаңа сөздермен сөйлем құрастырыңыз.*

1. қоршаған орта –

2. ауқымды –

3. туған жер –

4. орман-тоғайлар –

5. жанартаудың атқылауы –

6. табиғат құбылыстары –

7. күн мен түннің тұтылуы –

3-тапсырма. Көсемшенің -а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі жұрнақтарын пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыз.

Табиғат құбылыстары бір-бірімен тығыз байланысты. [Астрономия](#) ғылымы [физика](#) заңдарына сүйеніп, бақылайтын аспан денелері мен құбылыстарының табиғатын түсіндіреді. Олардың қасиеттері мен көрінісін ұғындыруға, құбылыстардың себеп-салдарын ашуға тырысады. Мысалы, физика мен астрономияға ортақ құбылыстар - күн мен түннің ауысуын және күннің тұтылуын қарастырайық. Жарық күн мен қараңғы түннің алма-кезек ауысуының себебі, жердің өз осінің төңірегінде үздіксіз айналуы болып табылады.

4-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

С давних времен человек и природа тесно взаимосвязаны. В древности первобытные люди полностью зависели от окружающей среды. Не понимая сути происходящих природных явлений, люди возводили их в ранг богов. Так, и огонь, и вода, и земля, и деревья, и воздух, и гром с молнией считались божествами. Чтобы умиловить их, люди совершали ритуальные жертвоприношения.

Но шло время, человек эволюционировал, совершенствовался его мозг. Люди научились добывать огонь, строить жилища, создавать орудия труда. Человек не только завоевывал свое место среди других племен, но и вознамерился подчинить саму природу.

Вопрос взаимодействия с окружающей средой актуален и сегодня. Провозгласив себя царем среди всех живых существ, человек забыл, что сам является частью природы, венцом ее творения. И вместо благодарности продолжает вести себя очень агрессивно. Ни для кого не секрет, сколь пагубно сегодня сказывается на окружающем мире деятельность человека.

5-тапсырма. *Көсемшенің -ғалы,-гелі,-қалы,-келі, -ып, -іп, -п, -а, -е,-й, -ғанша, -генше, -қанша, -кенше, -майынша, -мейінше жұрнақтарын етістікке жалғаныз.*

Үлгі: шығу – шығып –шыққалы – шыққанша – шықпайынша.

Білдіру, қалыптасу, деу, білдіру, сақтау, беру, сіңіру, жату, өзгеру, көрсету, өсу, айналу, қозғалу, ату, тасу, тартылу, суалу, аталу, байланысу, ұғындыру, түсіндіру, қарастыру, тырысу, тұтылу, табу, туындау.

Сабақты пысықтау сұрақтары:

1. *«Табиғат» ұғымына қандай құбылыстар енеді?*
2. *Халқымыз табиғатқа қандай атау берген?*
3. *Халық табиғатқа сүйіспеншілігін қалай білдірген?*
4. *Табиғатты қорғауда қандай ұлағатты сөздер айтқан?*
5. *Табиғаттың жарасымы қалай сақталады?*
6. *Қазіргі дәуірде табиғатқа не зиян келтіруде?*
7. *Экология қандай мәселе?*
8. *Экологиялық ұйымдардың мақсаты не?*
9. *Қазақстанның қандай қалаларында экологиялық мәселе бар?*
10. *Табиғатты қорғау қандай мәселе?*
11. *Адамзат қандай мәселелерді шешуі тиіс?*

8-тақырып.Саяхат және туризм

Сөздік

Қазақстандағы туристік ресурстар –
 туристические ресурсы в Казахстане
 туристік қызмет көрсету –
 туристические услуги
 әлеуметтік-мәдени –социально-
 культурный
 сауықтыру нысандары –объекты
 лечения
 күш-жігер –сила-воля
 мемлекеттік қорық–государственный
 заповедник
 ескерткіш–памятник
 маңызды–важны



Лексика-грамматикалық тапсырмалар

1-тапсырма. *Тірек сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.*

Турист, туристік ресурстар, туристік қызмет көрсету, табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, туристердің құрал-саймандары, күш-жігерін қалпына келтіру, туризм түрлері, мемлекеттік қорық, археологиялық ескерткіштер, республика аумағы.

2-тапсырма. *Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестері арқылы сөйлем құрыңыз.*

Археологиялық ескерткіштер, туристік экскурсиялар, көне қалалардың орны, туристердің қызығушылығы, ортағасырлық көне қалалар, тартымды нысандар, республика аумағында, түркі әлемінде, қасиетті қала, кесене, мешіт, қасиетті жерлер.

3-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз.



4 - тапсырма. Сандармен байланысты жұмбақтарды шешіңіз.

Бір түкті кілем,
Бір түксіз кілем.

Таңертең төрт аяқты,
Түсте екі аяқты.
Кешке үш аяқты.

Төсек астында
төрт бауырсақ

Аласа ғана бойы бар,
Тоғыз қабат тоны бар.

Бір таудың екі күзетшісі,
Екі тыңшысы, отыз екі бөрісі бар.

Жер қадірін жүрген біледі

Халық мақалы


Қазақстандағы туристік ресурстарға
– табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-



мәдени, сауықтыру нысандары жатады. Сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына келтіріп сергітуге жәрдемдесетін өзге де нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни, т.б. туризм түрлеріне бөлінеді.

Қазақстандағы туристік нысандар бірнеше топтарға бөлінеді: табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуеп ету.

Табиғи-рекреациялық нысандарға [Солтүстік Қазақстан](#) аймағындағы [Көкшетау](#), [Бурабай](#), [Баянауыл](#), [Ерейментау](#), [Шығыс Қазақстан](#) аумағындағы [Зайсан](#), [Марқакөл](#), қазақстандық [Алтай](#), [Оңтүстік Қазақстан](#) жеріндегі Батыс, Солтүстік [Тянь-Шань](#), [Алтынемел](#) таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы [Үстірт](#), [Мұғалжар](#), [Каспий](#) ойысы, [Жайық](#) өңірі, Орталық Қазақстандағы [Қарқаралы](#), [Қызыларай](#), [Бектауата](#), [Ұлытау](#), т.б. табиғи нысандар жатады. Қазақстан аумағындағы 9 мемлекеттік қорықта да ғылыми-экологиялық туризмді дамытудың алғышарттары қалыптасқан. *Тарихи-археологиялық* ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы [Сак](#) қорғандары, [Талхиз](#) қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің





қызығушылығы мол. Қазақстанда Отырар, Сарайшық, Сайрам, т.б.

ортағасырлық көне қалалар туристер үшін тартымды нысандар.

Тәуеп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Маңғыстаудағы Шопан ата мешіті, Бекет ата мешіті және басқа өңірлердегі Абаб-Араб мешіті, Гауһар-ана зираты, Әли-Қожа бейіті, т.б. жатады. Адамдар бұл қасиетті жерлерге тәуеп етіп, Аллаға сыйыну үшін келеді.

1-тапсырма. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Қазақстандағы туристік ресурстар қаншалықты дамыған?
2. Қазақстандағы туристік нысандар неше топқа бөлінеді?
3. Қазақстан аумағында қандай мемлекеттік қорықтар бар, олар қайда орналасқан?
4. Сен қандай елдерде саяхатта болдың?
5. Ол жақ несімен ұнады?


2-тапсырма. *Туісті жалғауларды қойыңыз.*

Қазақстан..... турис..... ресурстар.... – туристік қызмет көрсету нысандар.... қамтитын бірнеше нысандар жата..... .

Олар табиғи-климат....., тарихи, әлеумет....-мәдени, сауықтыру нысандар..., сондай-ақ туристер..... рухани қажеттер.... қанағаттандыра алатын, олар.... күш-жігерін қалпына келтіріп сергіту... жәрдемдесетін. Олар мәдени-таным....., экология....., спорт....., әлеумет....., діни, т.б. туризм түрлері.... бөлінеді.

3-тапсырма. *Топтастырыңыз.*

Табиғи-рекреация	Тарихи-археология	Тәуеп ету
------------------	-------------------	-----------



Көкшетау, Бурабай,
Баянауыл, Ерейментау, Шығыс
Қазақстан аумағындағы Зайсан,
Түркістан қаласы, Қожа Ахмет
Иасауи кесенесі, Абаб-Араб
мешіті, Гауһар-ана зираты, Әли-
Қожа бейіті, Марқакөл,
қазақстандық Алтай, Оңтүстік
Қазақстан жеріндегі Батыс,
Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы,
Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы,
Жайық өңірі, Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы,
Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс
Қазақстандағы Сарайшық, Орталық Қазақстандағы
Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Берілген жоспар бойынша әңгімелеңіз.

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім


3. Қорытынды

5-тапсырма. *Сіз ГИД-сіз делік. Шетелден келген туристерге Түркістанды таныстырыңыз.*

Түркістан – қасиетті жер.

6-тапсырма. *Туризмнің түрлерін жазыңыз.*

1. Балаларға арналған туризм.
2. _____.
3. _____.
4. _____.
5. _____.



1. Туристік ресурстарға нелер жатады?
2. Туристердің рухани қажеттіліктерін өтейтін қандай нысандар бар?
3. Туристік- спорттық қандай нысандар бар?
4. Туристік нысандар қандай топтарға бөлінеді?
5. Табиғи-рекреациялық нысандар дегеніміз не?
6. Тарихи-археологиялық нысандарға нелер енеді?
7. Тарихи-археологиялық нысандар еліміздің қандай өңірлерінде?
8. Діни туризм нысандарының маңызын атаңыз?
9. Діни туризм нысандары Қазақстанның қандай өңірлерінде?

9-тақырып. Қазақстандағы туризм



Ойталқы



1. Сұрақтарды топ болып талқылаңыздар.

1. Саяхат деген не?

2. Саяхатқа шығуды ұнатасыз ба?
3. Саяхатқа кімдермен шығасыз?
4. Саяхаттан саяттың айырмашылығы бар ма?
5. Қазақстанда саяхатқа байланысты қандай журнал шығарылады?

2.Берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп, сөйлем құраңыз.


<i>етене, абыз күндер, әлемдік, б.э.д., орта ғасыр, ерте заман,</i>		<i>адал ниет, үлес, елеулі, ықпал ету, кеңістік үңілу, ұлғаю, мыңжылдық, ежелгі.</i>
---	--	--

3.Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақтар ішкі Қытайға көшіп барып, қытайлармен _____ араласып кетті.
2. Құнды қағаздан түсетін жылдық _____ 11 пайыз.
3. Бұл айтылғандар _____ тарихна-маға кірген.
4. Салтанаттың үйі бізге _____.
5. Бүгін қар _____ жауды.
6. Бүгінгі кештен студенттер жақсы _____ алды.

Керекті сөздер: қоян-қолтық, жақын, молынан, бұрынғы заман, таза пейіл, дүние жүзі, айтулы, табыс, әсер, қарау, өсу, кіру


Оқыңыз



Біздің елімізде кейінгі жылдары туризм қалың бұқараны қамтитын демалыстың бір түріне айналып келеді. Нарықтық қатынасқа көшкен кезде туризм бизнестің тамаша көзіне айналып отыр. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің бәрінде туризм жақсы дамыған. Туған өлкеге саяхат жасау адамдардың бойында

табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттырады.

Соның ішінде «Интурист» қоғамының орны ерекше. Ол халықтардың бір-бірімен етене араласуына және мемлекетаралық байланыстардың нығаюына елеулі үлес қосып келеді. Сондай-ақ, шетелдерде туризм табыс табудың көзі, шаш етекпен пайда түсірудің ең тиімді жолдарының бірі, яғни ел экономикасының бір ықпалды бөлшегі болып табылатындығы белгілі болды. Қазір бірқатар мемлекеттерде туризмнен түсетін табыс ел экономикасының 20 пайызын



құрайды екен. Ал бізде бұл көрсеткіш бір пайызға да жетпейтін көрінеді.

Алайда біздің республикамызда бір-бірімен бәсекелес туристік фирмалар қатары жылдан-жылға көбейіп келе жатыр. Солардың ішінде 50 жылдай тарихы бар, өз

ісіне қалыптасып қалған еліміздің қазынасына қажетті үлесін құйып жүрген «Яссауи» компаниясы. «Яссауидің» тарихына, өткеніне үңілер болсақ, ол әріден одақ кезіндегі «Интуристпен» байланысты бастады. Ол 1955 жылдың аяғына қарай ашылған болатын. Осы уақыттан бері шетелдіктер Қазақстанның тарихи мекендерімен, ескерткіштерімен, табиғаты тамаша жерлерімен жақын таныса бастады. Жыл сайын мыңдаған турист Қожа Ахмет Яссауи, Айша-Бибі, Қарахан кесенелерін, Павлодар-Сабындыкөл, Жасыбай көлдерін, Қарқаралының сұлу табиғатын, Шығыс Қазақстандағы Марқакөлді аралап үлгереді. Алматы қаласы өзінің ең алғашқы шетелдік туристерін 1956 жылы қабылдаса, 1974 жылы бұл сан 8 мыңнан асып үлгерді. 1974 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанынан шетелдік туризм жөніндегі басқарма құрылды. Қазақстанның табиғи байлығының молдығы, әсем табиғаты шетелдік туристерді қызықтырып, оларға үлкен әсер етті.

1981 жылы Интуристке «Отырар» қонақ үйі пайдалануға берілді. Бұл оқиға туристік қарым-қатынастардың одан әрі ұлғая беруіне себепші болды. Шетелдіктердің Қазақстанға көп келген кезі 1985-86 жылдар аралығы болатын. Онда Польша, Германия, Франция, Италия, Ұлыбритания елдерінен

42 мыңдай турист келген еді. 1992 жылы республикамызда «Туризм туралы» Заң қабылданды. Осы заң бойынша туризм экономикамыздың жоғары табысты саласына айналуы тиіс болатын. Міне, сол кездері республикамызда жүздеген туристік фирма мен компаниялар құрыла бастады. Олардың ішінде ең алдыңғы қатарда «Интурист-Қазақстан» болды, ол Қазақстандағы тұңғыш рет чартерлік әуе рейстерін ұйымдастырды. Қытайға баратын туристік пойыздың жүруіне ықпал етті, бұл жылы компанияның көмегімен шетелдерге шыққан туристердің саны 15,4 мың адамға жетті.

1994 жылы 12 мамырда «Интурист» Қазақстан негізінде туризм жөніндегі «Яссауи» мемлекеттік акционерлік компаниясы дүниеге келіп, туризм әлеміне еркін есік ашты. «Яссауи» компаниясы туризм жөнінен Түркия, БАО, Қытай, Пәкістан, АҚШ, Германия, Жапония секілді ірі мемлекеттердің туристік фирмаларымен іскерлік байланыстар орнатып үлгерді. Компанияның тағы бір жетістігі, ол халықаралық «Еуразия» туристік ассоциациясына мүше болып енді. Жалпы алғанда – табиғаты бай, дәстүрі берік, сән-салтанаты мол қазақтың жері, Қазақстан топырағы әлі талай туристердің жаңа дүние ашуына көмектесері даусыз. Адал ниетпен, таза пейілмен келген адамға қашанда есік айқара ашық, татар дәм де дайын. Бұл Қазақстан туризмінің басты ұстанар қағидасы, басты мұраты деуге болады.

❖ *Тапсырмалар:*

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, түсініңіздер.
2. Мәтінге жоспар құрыңыздар.
3. Өздеріңіз білетін туризм туралы мәліметтерді айтыңыздар.
4. Қазақстандағы туризм ошағы болатын көрікті жерді атаңыздар.

1. *Сұрақтарға толық жауап беріңіз.*

1. Алматыда қандай туристік компаниялар бар?
2. Егер өздеріңіз сондай компанияларда жұмыс істесеңіздер, ең әуелі қандай шараларды жүзеге асырар едіңіздер?
3. Алматы маңында қай жерге шаңғы спорт комплексін салуға болады?
4. Бурабай, Көлсай, Шарын, Үстірт, Алакөл, Қаба, Марқакөл, Қарқаралы туризм аймағына айнала ала ма?
5. Елбасының жолдауында туризмді дамыту туралы не айтылады?

4. Мәтін құрамындағы сан есімдерге толық талдау жасаңыз. Яғни құрамына, мағынасына, сұрағына, атқаратын қызме-тіне қарай табыңыз.

6. Сөйлемдерден сан есімдерді тіркескен сөзімен бірге теріп алып, сөзбен жазыңыз.

Қазір бірқатар мемлекеттерде туризмнен түсетін табыс ел экономикасының 20 пайызын құрайды. Ол 1955 жылдың аяғына қарай ашылған болатын. Алматы қаласы өзінің ең алғашқы шетелдік туристерін 1956 жылы қабылдаса, 1974 жылы бұл сан 8 мыңнан асып үлгерді. 1981 жылы Интуристке «Отырар» қонақ үйі пайдалануға берілді. Шетелдіктердің Қазақстанға көп келген кезі 1985-86 жылдар аралығы болатын. Онда Польша, Германия, Франция, Италия, Ұлыбритания елдерінен 42 мыңдай турист келген еді.

6. Қазақстанға шетелден досыңыз (туысыңыз, танысыңыз) келді, қайда апарар едіңіз?

7. Алматыға ауылдан досыңыз келді, саяхатты неден бастайсыз? Сұхбат құрастырыңыз.

8. Мына сұрақтардың жауаптарын жазыңыз.

1. 1955 жылы Қазақстанда қандай туристік компания құрылды?
 2. Туризм туралы Заң қай жылы қабылданды?
 3. Туристер Алматы қаласына қай жылдан келе бастады?
 4. Тарихи мекендер мен ескерткіштер қай жерлерде орналасқан?
 5. Туризмге шыққанда өзінді қалай ұстауың керек?
 6. Өздерің тұрған жерде табиғаттың қандай әсем жері бар?
1. Қазақстан туризмінің болашағы туралы сұхбат құрыңыздар?

10-тақырып. Киім.Сән.Талғам

1-тапсырма. Ойтүрткі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Адамдардың сәнге деген талғамының бірдей болмауы неліктен?
2. Сән әлемінде өз орнын тапқан тұлғаларды білесіз бе?
3. Сән әлемінде қандай бағыттар бар деп санайсыз?
4. Қазақтың сән әлемі қалай дамып келеді?

Мәтінді оқыңыз.

Сән (мода) - латын сөзі (modis - өлшем, тәсіл, іс-қимыл бейнесі деген ұғымды білдіреді). Сән - белгілі немесе басқа да бір талғамның уақытша үстем болуы. Сән - әлеуметтік, экономикалық құбылыс. Адам қоғамының дамуына, жаңа тарихи қоғамдастықтар пайда болуына байланысты адам киімі де түбірімен өзгеріп отырады. Сәнді демократияшыл деуге де болады, себебі ол қазіргі таңдау идеясы мен еркіндіктің көптігімен, яғни әртүрлі стильдерімен, пішіндерімен, үлгілерімен, көлемдерімен, киім ұзындығымен, алуан түсті гаммалығымен ерекшеленеді.

Қазіргі сәнде екі бағыт айрықша көзге түседі: ретроспективалы (өткенге бағытталған) және перспективалы (болашаққа бағытталған).

Сәндегі ең маңызды ұғым - стиль. Стиль - (styios деген грек сөзі) - мәнер, сипат, ерек-шелік деген мағына береді. Киімдер классикалық, романтикалық, спорттық, фольклорлық (этникалық) стильдері арқылы ерекшеленеді. Көптеген дизайнерлер халықтың қалай киінгісі келетінін, қандай үлгідегі киімдерді іздейтінін анықтауға тырысады. Себебі, қарттар мен жастарды бірдей киіндіру мүмкін емес. Жастарға ұнаған киімді қарттар жағы ұдайы сынға алып отыратыны даусыз. Оның есесіне қарттардың киім киісіне жастар жағы күле қарайды. Сол себепті де әрбір үлгінің қандай әлеуметтік топқа арналатынына баса мән беріледі.

Сән әлемі өмірмен біте қайнасып, дамып келеді. Өмірдің бүкіл өлшемдері мен өрнектері сән әлемінен көрініс тауып отыратыны жасырын емес. Әсіресе, Қазақстан Республикасының сән әлеміндегі жетістіктерінің бастауы, қайнары қазақ халқының мыңдаған жылдық дәстүрінде, тұрмысында жатыр. Заманауи үлгіде небір ғажайып ою-өрнек салынып тігілген киімдер әлем сәнгерлерінің таңданысын туғызып, қызығушылығын арттыруда. Оюды кілемге, сырмаққа, текеметтерге, киімдерге, ыдыс-аяққа, үй жиһаздарына, аяқ киімдерге, зергерлік бұйымдарға, қару-жарақтарға, сәулет, кескіндеме, қолданбалы өнерде, қолдан шыққан барлық өнер заттарын көркемдеуге, әсемдеуге пайдаланған. Қазақ халқының көне замандардан бері қолданатын оюлары, құрақ, киіз сынды ұлттық бұйымдары қайталанбас өнер туындысы саналады. Бұлардан біздің еліміздің тамаша табиғатын, халқымыздың жан тазалығын, сұлулыққа деген жоғары талғамды көзқарасын танимыз. Әлемдік брендке айналған қазақтың ұлттық киімдері сән әлемінің сыншылары тарапынан ең жоғары марапатқа ие боп келеді

2. Берілген сөздердің ұқсас және қарсы мағынадағы сөздерін жазыңыз.

Синоним	Антоним
Атақты _____	Маңызды _____
Мәлімет _____	Кемшілік _____
Теледидар _____	Бай _____
Күнделікті _____	Отандық _____
Бос сөз _____	Тәуелді _____

3. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.



- ☐ Қолғап
- ☐ Спорттық аяқ киім / кроссовка
- ☐ Шалбар
- ☐ Көйлек
- ☐ Бәтеңке
- ☐ Күрте
- ☐ Жейде

- ☐ Мойынорағыш
- ☐ Қалпақ
- ☐ Тон / ішік
- ☐ Құлақшын / малақай
- ☐ Белдемше
- ☐ Жемпір
- ☐ Шұлық

4. Топтық жұмыс.

Жоғарыда қандай киімдер атауы жоқ деп ойлайсыздар?

- 1) Кестеде берілмеген киім атауларын табыңыздар.
- 2) Көп киім атауын жазған топ жеңеді.



5. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.

1	2	3	
			
4	5	6	7
			

Жең № ____

Жаға № ____

Қалта № ____

Бау № ____

Етек № ____

Түйме № ____

Сыдырма № ____



Есте сақтаңыз!

«Зат есім+лы/лі/ды/ді» «қандай?» сұрағына жауап береді.

Мысалы: жаға+лы, жең+ді, түйме+лі, қалта+лы, етек+ті

6. Төмендегі киімдерді сипаттаңыз.



Бұл _____



Бұл _____



Бұл _____

7. Топтық жұмыс. Өзара пікірлесіңіздер.

1. Сізді сән әлемі қызықтыра ма?

Күнделікті сән әлемінің жаңалықтарын бақылап отырасыз ба?

Иә / жоқ деген жауабыңызға 5 дәлел келтіріңіз

Сәнгеріңіз туралы толық мәлімет беріңіз

3. Өзіңіз жақсы көретін сәнгеріңіз бар ма?

4. Сән әлемі тек әйелдерді ғана қызықтыра ма? Әлде ер адамдар да сән туралы пікірлесіп сөйлесе ме?

5. Киімді әдетте қайдан аласыз: дүкеннен, базардан, дизайнерлерден?

6. Киім сатып алатын кезде кіммен ақылдасасыз: ата-анаңызбен, жұбайыңызбен, достарыңызбен, әлде тек өз пікіріңіз бойынша аласыз ба?

Неге базардан?
Неге дүкеннен?
Неге дизайнерден?

Сөзіңіздің дәлелі ретінде 5 дәлел келтіріңіз

7. Өзіңізді талғампазбын деп есептейсіз бе?

8. Сұрақтарға жауап беріңіз.



Біле жүріңіз

Ая Бапани
Бренд «Ауа Варані»

Салтанат Баймұхамедова
Бренд «Salta»

Камила Курбани
Бренд «Kamila Kurbanı»

Сәкен Жақсыбай
Бренд «ZhSaken»

Сабырқұл Асанова
«Сымбат» сән академиясы

Аида Қауменова
Бренд «Aida KaumeNOVA»

Құралай Нұрқаділова
«Kuralai» сән үйі

9. Сұраққа жауап беріңіз. Топта талқылаңыздар.

1. Қазақстандық сәнгерлерді қазақстандықтар біледі деп ойлайсыз ба?
2. Жоғарыда аталған сәнгерлердің қайсысы сізге, халыққа, достарыңызға көбірек танымал?
3. Қазақстандық сәнгерлердің дүкендеріне барып көрдіңіз бе?
4. Киімдеріне тапсырыс беріп көрдіңіз бе?
5. Отандық сәнгерлердің тауарлары қымбат па?



ОҚЫЛЫМ

Қазақстандық «мода» жайлы не білеміз?



Кейбір деректер бойынша, қазақ басылымдары «сән», «мода» және «подиум» деген сөздерді 1913 жылдардың өзінде пайдалана бастаған. Қазіргі кезде «сән әлемі» ресми түрде 1947 жылы келген дейді. Ал, жалпы, ата-бабаларымыздың ежелден келістіре киген қазақы өрнегі бар сәнді киімдері мен әшекей бұйымдарының өзі нағыз «сәндіктің» өзі емес пе! Отандық сән әлемінің дүниеге келуіне «Сымбат» сән академиясы себепші болған деген мәлімет бар. Тұңғыш рет 1972 жылы қазақстандық сән өнерін шетелге таныстырған компанияның «Сымбат» деп аталған тұңғыш журналы 1958 жылы, ал тұңғыш мода театры 1987 жылы ашылған екен. Қазақстан 1972 жылы Болгарияда, 1974 жылы Лейпцигте, 1975 жылы Италияда өткен халықаралық фестивальдарға да қатысқан. 1988 жылы Чехословакияның Брносында ұйымдастырылған жарыста бас жүлдені иемденген.

Осылайша fashion – индустрия Қазақстанға да жеткен. Қазірде елімізді әлемге танытып жүрген атақты дизайнерлеріміз де жетерлік.

Құралай Заманбекқызы Нұрқаділова – қазақстандық дизайнер, суретші, стилист, «Құралай» сән үйінің басшысы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Сән Палатасының атқарушы директоры. Kazakhstan Fashion Week және Мәскеу мен Екатеринбург қалаларында өтетін сән апталығының тұрақты қатысушысы.

Аида Кауменова – әдемі, сәнді, көркем pret-a-porter de lux коллекциясын шығарушы, табысты әрі жас дизайнер. Аида 5 жылдан бері өзінің жеке маркасында «Aida KaumeNOVA» сән үйін құрған, осы брендті киімдер шығаруда. Бұл бренд тек қана Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар басқа да шетелдерден өз орнын табуда.

Бүгінгі күні «Aya Varani» брендімен танымал Ая қазақстандық сән әлеміне өзгеріс алып келген дизайнерлердің бірі. Қазақ тарихынан, этнографиясы мен өнерінен шабыт алатын Ая: «Киізден жасалып, қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен сәнделген коллекциядағы әрбір туындым оның иегеріне қазақи рух беріп, кең-байтақ қазақ даласының күшін сезіндіреді».

Отандық сән индустриясының жарқын өкілі Салтанат Баймұхамедова сән әлеміне сонау 2000 жылдары келген болатын. Басында «F. you» киім желісімен жастарға арналған киімдер тігіп жүрген Салтанаттың 2008 жылдың наурыз айында Trend & Tendence агенттігінің қолдауымен Парижде алғашқы сән көрсетілімі өтеді. Содан бастап ол Salta™ деген бренспен шыға бастайды. Бүгінгі күні Salta каналы, әрі қолжетімді бағадағы pret-a-porter әйелдер киімін шығарумен айналысады.

Сән өнеркәсібінде жүргеніне 10 жылға жуық уақыт болғанымен, Камила Курбанидің қазақстандық сән сахнасына келгеніне небәрі 2 жылдай болған. Осы уақыттың ішінде ол сән әлеміне өзгелерге ұқсамайтын ерекше стилін ұсынған. Екпінді гламурға емес, керісінше unisex пен casual стиліндегі еркіндікке түсіретін Камиланың тұтынушылары еркін ойлайтын, өзгеден аса ерекшеленбейтін, бірақ өзінің ерекше қайталанбас стилімен көзге түсетін кәдімгі қала тұрғындары.

2011 жылдан бері отандық сән әлеміне қадам басқан ZhSaken брендінің негізін қалаушы Сәкен Жақсыбайды бүгінгі күні танымайтын қазақстандық сәнқой жоқ шығар. Шетелге жиі шығып тұратын Сәкен әр елден алған әсерін өз топтамаларында жеткізуге тырысады. Ол киімдерін тігуде барқыт, жібек, шілтер және шифон маталарын қолданады. Оның барлық киімдері сапалы әрі бағасы қолжетімді.

1. Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс/қате ақпаратты белгілеңіз.

Мәлімет	Дұрыс	Қате
1947 жылы Қазақстанда сән әлемінің төңкерісі болған.	☐	☐
Отандық сән ұғымы «Сымбат» сән академиясымен тығыз байланысты.	☐	☐
Қазақстандық сән өнерін шетелге таныстырған компания «Salta» деп аталады.	☐	☐
«Сымбат» сән академиясының сән театры 1991 жылы ашылған.	☐	☐
Ая Бапани шетелден Қазақстанға қыдырып келген сәнгер.	☐	☐
Камила Курбанидің қазақстандық сән сахнасына келгеніне небәрі 2 жылдай болған.	☐	☐
ZhSaken брендінің негізін қалаушы Сәкен Жақсыбай.	☐	☐
Қазақстан Республикасы Ұлттық Сән Палатасының атқарушы директоры – Ая Бапани.	☐	☐

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.



3. Берілген тапсырманы орындаңыз.

1. Құралай Заманбекқызы Нұрқаділова туралы 2 мәлімет жазыңыз.	1. _____ 2. _____
2. Аида Кауменова туралы 3 мәлімет жазыңыз.	1. _____ 2. _____ 3. _____
3. Сәкен Жақсыбай туралы 4 мәлімет жазыңыз.	1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Мәтінде қандай мата атаулары кездеседі?

Мәтінде кездесетін стиль атаулары сізге таныс па?

5. Берілген сан есімдерді мәтіндегі тіркесетін сөздерімен толықтырыңыздар.

1947 жыл	_____	1988 жылы	_____
2000 жылдары	_____	2 жыл	_____
1987 жылы	_____	5 жылдан бері	_____
2011 жыл	_____	1913 жыл	_____
1958 жыл	_____	1975 жыл	_____

1. Тиісті қосымшаны қойыңыз.

Елу жыл бұрын «дресс-код» деген түсінік танымал болма____
Ал қазір дресс-код біздің күнделікті өмірімізге сіңіп кет____
Дресс-код де____ – белгілі бір ортада қатаң нормаға сай киіну.
Сіз жұмысқа түр____да дресс-код нормасымен таныс____сыз
Әдетте, банк, басқару, жалпы мемлекеттік қызметтегі адамдар дресс-кодты ұстан____
Ерлер костюм ки____, әйелдер белдемше мен блузаны таңда____
Сіздің жұмыс берушіңіз smart-casual стиліндегі дресс-кодты ұсын____ болса,
Демек ол өз қызметкелерінің ақ-қара костюммен жүргенін қалама____ адам.
Ендеше басшыңыз адамның киімі өз иесінің мінезі, тұлғалық қасиеті жайлы әңгімелей
алатынын біл____ адам де____ сөз.
Сол себепті еркін әрі сәнді кеңсе стилін ұсын____

2. Мақалға тиісті есімшенің қосымшасын жалғап, аяқтаңыз. Мақалды жаттап алыңыз.

“Ерін____ қал____ ұятқа, Ізден____ жет____ мұратқа”	“Шақыр____ жерден қалма, шақырма____ жерге барма.”	“Ата-ананың қадірін, Балалы бол____да біл____сің”
“Ерінбе____ етікші бол____”	“Жауын жау____, көк шығ____”	“Айтыл____ сөз, атыл____ оқпен тең.”

3. Сәйкестендіріңіз.

Менің әжем жазда ауылдан	демалған	бірақ ақпарат жалған екен.
Тілшілер атақты әртіс туралы мақала	отырмаспын	бізге құрт, май, ірімшік әкелетін.
Әріптесімнің отбасы Алакөлде	киінген	терезелерді ашып қояйық.
Ғаламторда күнде жаңалықтар	болмас	дегенмен екі-үш сағат әлеуметтік желіде отырғанымды байқамай қаламын.
Қазақтың сал-серілері әдемі	жазған	балалары күнге күйіп кетіпті.
Кеше қатты дауыл	келетін	белдіктері де таза күмістен жасалған екен.

4. Сөйлемдерді болымсыз формада жазыңыз.

Үлгі: - Бүгін жеңі бар көйлекті әкелетін бе еді?
- Иә. Кеше уәде берген.

* _____?

- Иә. Дүкенде сатып алған тауарыма сыйлық қосып берген.

* _____?

- Жоқ. Жолдасым жұмыстан кеш қайтпас деп ойлаймын.

* _____?

- Менің ойымша, балаларға бұл мультфильмге қызықпайтын болар.

* _____?

- Бұл кітапты бүгін ешкім алмас. Ертең келейік. Сосын сатып аламыз.

* _____?

- Көрмеде қазақстандық сәнгерлердің көрсетілімі болмақ.

* _____?

- Бұл сәнгердің киімдерін жастар алар деп ойлаймын.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

Бөтен адамға бас киім бермейді және айырбастамаған. Адам басы кемиді деп санаған.

Бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Жақсылықтың бәрі адамның маңдайына жазылады, сондықтан да бас киімнің орны ерекше. Бас киімді әрқашан таза, ұқыпты ұстап, босағаға емес, төрге ілген.





Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешкен. Оң қолдан бастап киім кию жақсы ырым саналған.

Киімді желбегей жамылмаған, өйткені екі қолы жоқ адам ғана киімді желбегей жамылып жүрген деген пікір қалыптасқан.

Осы пікірлермен келісесіз бе? «Иә» және «жоқ» деген жауаптарыңызды нақты мысалмен дәлелдеңіз.



АЙТЫЛЫМ

Топтық жұмыс.

1. Сіз жұмыс істейтін компания басшысы таңертеңгілік жиналыста хабарлама жасады. Сіз осы хабарлама жөнінде не ойлайсыз?

Құрметті әріптестер!
Мекеме басшыларының соңғы отырысында компания қызметкерлерінің бірыңғай киім киюі керек деген шешім қабылданған еді. Бірыңғай киім кию компания беделін арттырады. Қызметкерлердің күнделікті киім сатып алуға жұмсайтын жалақысын үнемдеуге ықпал етеді. Әркім өз өлшемін тіркеу бөліміндегі хатшыға хабарлауы қажет.

2. Өзара талқылаңыздар.

Компания қызметкерлерінің бірыңғай киім кигені жақсы ма?

Неге иә / неге жоқ? Өз пікіріңіздің дұрыстығына кемінде 5 дәлел келтіріңіз.

Егер қызметкерлер бірыңғай киім кисе, шынымен, өз жалақыларын үнемдей ме?

Бірыңғай киім киген ыңғайлы ма?

Компания қызметкерлерінің бірыңғай киім кигендері олардың көңіл күйлеріне әсер етеді деп ойлайсыз ба?

Егер сіз басшылықтың бұл пікіріне келіспесеңіз, қандай ұсыныс жасар едіңіз?

Компания беделі мен қызметкерлердің бірыңғай киім киюінің арасында байланыс бар ма?

Компания беделін көтерудің басқа жолдары бар ма?

ЖАЗЫЛЫМ

1. Өз топтасыңызбен бірігіп сауалнама жүргізіңіз. Сауалнамадағы сұрақтарға жауап берген соң, алынған мәлімет негізінде досыңыз туралы есеп жазыңыз.

Сұрақтар:

1. Сен қандай киімді ұнатасың?
2. Қандай киімді ұнатпайсың?
3. Жалақыңыздың қанша мөлшерін киім алуға жұмсайсыз?
4. Отандық сәнгерлердің тауарын пайдаланасыз ба?
5. Өз киіміңізді қайдан сатып аласыз?

“

”

2. Ғаламтордан қазақстандық бір сәнгер туралы ақпарат тауып баяндама дайындаңыз.

Баяндамаңызда мына мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Туған жылы, жері
- 2) Сән үлгісіне қалай келді?
- 3) Қандай жеңістері бар?
- 4) Қандай атақты адамдарды киіндіреді?
- 5) Киім тігуде қандай стильді ұстанады?
- 6) Жеке дүкені немесе сән үйі бар ма?

11-тақырып. Мінез және келбет.

Ой тастау сұрақтары:

- Болашақ маманның бойында қандай жеке қасиеттер болуы керек?
- Оның бойында қандай кәсіби қасиеттер қалыптасуы қажет?
- Мамандығыңыздың басқа мамандықтардан айырмашылығы бар ма?
- Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

Кәсіби қасиеттер:

шеберлік – мастерство

біліктілік – квалификация

жеке қасиеттер – личные качества

қарым-қатынас орнатуға бейімділік – коммуникабельность

жауапкершілік – ответственность

мақсатқа ұмтылушылық – целеустремленность

компьютерлік сауаттылық – компьютерная грамотность

шығармашылық көзқарас – творческий подход

ұйымдастырушылық қабілет – организаторские способности

басқарушылық қабілет – лидерские способности

1-тапсырма

Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз	Студент высокого роста, девушка низкого роста, парень спортивного телосложения, усатый мужчина, бородатый дедушка, молодой парень в очках, коренастый знакомый, худая девочка, полная женщина, короткие рыжие волосы, длинные волнистые волосы, смуглый парень, светлолицая девушка, широкий открытый лоб.
Сөз тіркестерін орыс тіліне	Тартымды жігіт, кішіпейіл кісі, сымбатты қыз, беделді әріптес, көпшіл адам, байсалды көрші, келбетті студент, іскер басшы, жомарт дос,

аударыңыз жұмсақ мінезді жолдас, пұшық мұрын, қалқан
кұлақ інім, құралай көзді қарындас, әдепті
бала, шымыр денелі танысым, ұзын кірпік,
адамның сыртқы келбеті.

2-тапсырма

Жағдаяттарға сай сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Ол жұмыста әр түрлі іс-шараларды ұйымдастырады.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті бар.

1. Наташа - біздің топтың старостасы.
2. Қайсар берілген тапсырманы уақытында орындайды.
3. Бұл маман өз ісін өте жақсы біледі.
4. Мен өмірде алдыма қояр бағытымды айқындап аламын.
5. Оксана - достары, таныстары көп қыз.
6. Марат өз ісін жақсы біледі. Оның

3-тапсырма

Келесі тақырыптар бойынша пікір таластырыңыздар.

Үлгі: *Меніңше, болашақ маман өз ісін жетік білуі керек. Ол үшін көп еңбектену қажет. Педагогикалық сала мамандары шығармашылыққа жақын болуы тиіс.*

4-тапсырма

Келесі жұрнақтар арқылы туынды сын есімдер жасап, олармен сөз тіркестерін құрастырыңыз. Үлгі: ойлы жүз

жұрнақтар - лы - лі - ды - ді - ты - ті - сыз - сіз лы

ой жер

су жүз

ақыл жас

білім бала

күш дауыл

көрік жазушы

атақ адам
ар бойжеткен

5- тапсырма

Мәтінді оқыңыз, Шегеннің дене бітімін орыс тілінде суреттеңіз.

Шеген сұлу, сұңғақ денелі, бұлшық еттері болаттай иірілген, күнге күйген, тобылғы торы екен. Қақпақ жауырынды, қыздай қыпша бел, кеудесі шалқақ біткен, бәйге атындай жарау, өте оңтайлы бала екен. Келте мұрын, аз ғана аузы үлкенірек, қоңыр көздеу болғанмен, тайпақ та емес, аяғының үсті биік, бар денесі шақпақтай (Ғ.Мүсірепов).

6-тапсырма

Қазақ тіліне аударыңыз.

Привет, это я! Я маленького роста, очень полный. У меня короткие ноги, руки и шея. Это моя голова. Она очень большая. У меня большие уши и нос. У меня очень маленькие черные глаза. Они не очень хорошо видят, поэтому я ношу очки. У меня нет бровей и ресниц, зато у меня есть борода и усы. Как вы думаете, я красивый? Тогда нарисуйте мой портрет и оставьте его себе на память.

7-тапсырма

Қазақ тіліне аударыңыз, сын есімнің шырайларын үлгі бойынша түрлендіріңіз.

Үлгі: короткий – *қысқа, қысқа+лау, тым қысқа*
Теплый, желтый, зеленый, грязный, ровный, красный, холодный, горячий, открытый, длинный, веселый, белый, сильный, большой, узкий, широкий, маленький, низкий, высокий, короткий, вкусный, красивый,

хороший, тонкий, толстый, черный, мягкий, дорогой, дешевый, сладкий, далекий, близкий, быстрый, медленный.

8-тапсырма

Сөйлемдегі жақшаның ішіндегі сөздерді аударып, салыстырмалы, күшейтпелі шырай түрінде қолданыңыз.

Үлгі: Менің тақырыбым сенікінен қиындау.

Менің тақырыбым сенікінен (сложный). Асқардың әкесі (очень умный). Сенің досың (не терпеливый) екен. Мына сағат (дорогой). (Слишком короткий) көйлек кимеші! Нанның (мягкий) кесегін әперші!

9-тапсырма

Берілген сын есімдерді пайдаланып, танысыңызды немесе досыңызды суреттеңіз.

Биік бойлы, қараторы, қара шашты, мұртты, мінезі шапшаң,

тартымды, жирен шашты, қиғаш қасты, ұзын бойлы, салмақты

қыр мұрынды, беделді, мінезі жұмсақ, маңдайы ашық, қайырымды аққұба, аласа бойлы, шымыр денелі, әдемі, сымбатты, әділ, байсалды

10-тапсырма

Мәтінді оқыңыз, аударыңыз:

Айдос - үлгілі студенттердің бірі, оқу озаты. Ол – ұзын бойлы, қара шашты, қыр мұрынды, келісті жігіт.

Мінезі де ұстамды, ұқыпты, салмақты. Университеттің қоғамдық жұмысына белсене араласады. Түрлі спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға

иеленді. Студенттер арасында сыйлы, адамдармен өте жақсы тіл табыса алады.

Сәния Қанатқызы - оқу әдістемесін жақсы игерген, білікті маман. Ол кісі орта бойлы, толықша, шашы ұзын, аққұба келген. Сәния Қанатқызы - қазақ әйелдеріне тән биязы мінезді жан. Сабақтарын жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізеді, қазіргі сабақ жүргізудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде белсене қолданады.

11-тапсырма

10-тапсырма мәліметтерін пайдаланып, сөйлемдердегі сын есімдерді орнына қойыңыз:

1. Айдос _____ студенттердің бірі.
2. Оның мінезі _____, _____, _____.
3. Ол - _____, _____, _____, _____.
4. Студенттер арасында _____.
5. Ол _____, _____ жарыстарға қатысады.
6. Сәния Қанатқызы _____, _____, _____.

Еске түсіріңіз! Омоним – дыбысталуы бірдей, мағыналары басқа сөздер. Мысалы: ара (пила), ара (оса) Синоним – дыбысталуы бөлек, мағыналары жуық сөздер. Мысалы: той, мейрам, мереке, думан Антоним – мағыналары қарама-қарсы сөздер. Мысалы: ауыр – жеңіл, жақсы - жаман

12-тапсырма

Келесі мысалдардан омонимдерді, синонимдерді және антоним сөздерді табыңыз.

1. Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар (мақал).
2. Ақымақ бұзуға жақ, ақылды түзеуге жақ

(мақал). 3. Бір суып, бір ысып, барады іш пысып (Абай). 4. Қыз бой жеткен соң, жігіттер ер жеткен соң, қыран бүркітше қиядағыны көзі шалып қырындайды (С.Төлешев). 5. Балбырап қызыл гүлдей отырған жас, көңілінде ой, тілеп аққан көзінде жас (С.Торайғыров). 6. Нашарлар көлік үшін жүріп қойған, кемітіп ақысына бір-бір қойдан (С.Торайғыров). 7. Ақбілек баяғы емес. Өзгерген, өнер тапқан, жетілген, ысылған. Әйелдерге көсем болған. Бұрынғы бұйығы, ұялшақ, сызылған, мұңайған Ақбілектің ізі де жоқ (Ж.Аймауытов).

13-тапсырма

Мәтінді оқып, сын есімдердің қолданысына назар аударыңыздар, әңгімелеп беріңіз.

Сәукеле – биік шың. Сәукеле десе дегендей, қысы-жазы аппақ болып, маңындағы кішігірім таулардың арасында да ерекше көрінетін үп-үшкіл шың, расында да қалыңдықтың сәукелесінен аумайды. Тіпті, тұла бойында қадаған асыл тастарына дейін шын сәукеледен айнымайды. Жазда мөлдір аспанда жүзген ақша бұлттар да сұлу шыңды айналшықтап, мамырлап жатып алады. Кейде дәл төбесіне қонақтағанда ақ шыңға үлбірете қадаған шоқ үкі ме дерсің! (С. Жүнісов).

Күлкі – көңіл ажары*

- Қарындас, сіздің жасыңыз нешеде?

- Менің жарық дүниеге келгеніме 25 жыл және бірнеше ай толды.

- Егер дәлірек айтсаңыз.....

- 25 жыл 520 ай.

14-тапсырма

Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыздар, не жайында екенін пайымдаңыздар.

- Сәлеметсіз бе!

- Сәлеметсіз бе! Қандай жұмыспен келіп едіңіз?

- Мен - облыстық жастар саясаты бөлімінің маманымын. Сіздердің оқу орындарыңызға келген себебім, бізге еліміздегі жастар саясатына ат салысатын, белсенді, болашағынан үміт күттіретін жас қыздар мен жігіттер қажет. Сіздердің университеттеріңіз осы бағыттағы жүргізетін жұмыстарымызға лайық үміткелерді ұсына ала ма?

- Иә. Әрине! Бұл жайында сіздің тікелей бастығыңызбен сөйлескенбіз. Біз өз ішімізден білімді де жалынды үш студентімізді ұсынып отырмыз. Міне, олардың түйіндемелері, құжаттары.

- Жақсы. Біздің басты шартымыз - олардың мемлекеттік тілді жетік меңгергендігі. Бұл талаппен таныссыз ғой

- Иә. Мына суретте – Соколова Юлия. Ақылды да сымбатты бойжеткен. Ол - қазақ тілінен өткен облыстық байқаудың жеңімпазы. Мына студенттіміздің аты-жөні – Асқаров Қайрат Асанұлы. Бұл бала да - оқу озаты, сонымен бірге шахматтан облысымыздың чемпионы. Ана тілін жетік біледі. Тағы да үміткерлеріміз бар.

- Бәрекелді! Балаларыңыз сайдың тасындай екен! Енді мен олардың өздерімен кездесіп, таныссам деп едім.

- Сіз олармен қазір кездесе аласыз. Тоса тұрыңыз. Балаларды осыжерге жинайын. Жақсы. Сізге көп рахмет!

ТАҚЫРЫПТЫҚ СӨЗДІК:

1. сыртқы келбет – внешность человека
2. суреттеу – описывать
3. ұзын бойлы – высокого роста
4. аласа бойлы – низкого роста
5. орта бойлы – среднего роста
6. дене бітімі – телосложение
7. шымыр – спортивный
8. арық, жудеу – худой, худощавый
9. толық, семіз – полный, толстый
10. дембелше – коренастый
11. қараторы – смуглый
12. аққұба – светлокожий
13. мұртты – усатый
14. сақалды – бородатый
15. сымбатты – стройный, грациозный
16. тартымды – обаятельный, привлекательный
17. келбетті – статный, представительный
18. толқынды – волнистый
19. бұйра – кудрявый
20. пұшық – курносый
21. қыр мұрын – прямой нос
22. мең, қал – родинка
23. кең маңдай – широкий лоб
24. ашық маңдай – открытый лоб
25. қиғаш қас – дугобразные брови
26. иықты – плечистый
27. ақкөңіл – добродушный
28. биязы, кішіпейіл, әдепті – вежливый, обходительный
29. еңбекқор – трудолюбивый
30. жомарт – щедрый
31. беделді – авторитетный
32. көпшіл – общительный
33. байсалды, сабырлы – уравновешанный, спокойный

- 34. іскер – деловой
- 35. сезімтал – чувствительный
- 36. жұмсақ мінезді – мягкий характер

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. - Астана, 2017. -282 б.
2. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
3. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017
4. Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.
5. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
6. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі: базалық деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
7. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
8. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.
9. Күзекова, З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2015.- 180 б.
10. Қазақ тілі (тіл үйренушілердің B1 және B2 деңгейлеріне арналған): орыс тілді топтарға арналған оқу құралы./ Қ.С. Құлманов, Б.С. Абдуова, т.б. - Астана: - 2015.- 298 б.